

## Азаматтық авиацияда әуеайлақтық қамтамасыз ету қағидасын бекіту туралы

### **Күшін жойған**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 14 қыркүйектегі № 1057 қаулысы. Күші жойылды – Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 29 желтоқсандағы № 901 қаулысымен.

**Ескерту. Күші жойылды – ҚР Үкіметінің 29.12.2016 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) № 901 қаулысымен.**

**Р К А О - ның ескертпесі!**

ҚР мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажырату мәселелері бойынша 2014 жылғы 29 қыркүйектегі № 239-V ҚРЗ Заңына сәйкес ҚР Инвестициялар және даму министрінің м.а. 2015 жылғы 7 қазандығы № 978 бұйрығы.

"Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 15 шілдедегі Заңының 13-бабының 30) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Азаматтық авиацияда әуеайлақтық қамтамасыз ету қағидасы бекітілсін.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

К. Мәсімов

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2011 жылғы 14 қыркүйектегі  
№ 1057 қаулысымен  
бекітілген

## Азаматтық авиацияда әуеайлақтық қамтамасыз ету қағидасы

### **1. Жалпы ережелер**

1. Осы Қазақстан Республикасының азаматтық авиациясын әуеайлақтық қамтамасыз ету қағидасы (бұдан әрі – Қағида) "Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 15 шілдедегі Заңына сәйкес, сондай-ақ Халықаралық азаматтық авиация ұйымының (ИКАО) стандарттары мен ұсынымдарын ескере отырып

әзірленді және Қазақстан Республикасының азаматтық авиациясында әуеайлақтық қамтамасыз етудің тәртібін айқындайды.

2. Қазақстан Республикасының азаматтық авиациясында әуеайлақтық қамтамасыз ету тәртібі:

- 1) әуеайлақ қызметін ұйымдастыру тәртібін;
- 2) ұшу аланын ұшуға дайындау және ұстau тәртібін;
- 3) арнайы мақсаттағы аландарды, әуеайлақ жабдықтары мен құрылғыларын дайындау және ұстau тәртібін;
- 4) гидроәуеайлақтарды дайындау және ұстau тәртібін қамтиды.

3. Теніз және тікүшақ аландарын (тікүшақ айлақтарын) пайдалану және қамтамасыз ету тәртібі азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган бекітетін нұсқаулықта реттеледі.

4. Осы Қағидада пайдаланылатын негізгі терминдер мен анықтамалар:

1) әуеайлақ – жер немесе су бетінің толықтай немесе ішінара әуе кемелерінің келуіне, жөнелтілуіне және осы жер бетімен қозғалуына арналған белгілі бір участкесі (ғимаратты, құрылыштарды және жабдықты қоса алғанда);

2) әуеайлақ маяғы – әуеден әуеайлақтың орналасқан жерін анықтау үшін пайдаланылатын аэронавигациялық маяқ;

3) орналастыру әуеайлағы – әуе кемелерін орналастыруға арналған және осы мақсаттар үшін қажетті құрылыштары бар әуеайлақ;

4) уақытша әуеайлақ – жылдың белгілі бір кезеңінде әуе кемелерінің ұшуын қамтамасыз етуге арналған, белгіленген тәртіппен есепке алуға жататын стационарлық құрылыштары мен жабдықтары жоқ әуеайлақ;

5) тау әуеайлагы – ойлы-қырлы бедерлі және әуеайлақтың бақылау нүктесінен 25 километр радиуста салыстырмалы түрде 500 метр және одан да астам таулы өскіндері бар орында орналасқан әуеайлақ, сондай-ақ теніз деңгейінен 1000 метр және одан астам биікте орналасқан әуеайлақ;

6) қосалқы әуеайлақ – егер қону белгіленген әуеайлаққа дейін бару немесе оған қону мүмкін емес немесе орынсыз болған жағдайда әуе кемесі (бұдан әрі - ӘК) баратын әуеайлақ;

7) әуеайлақтың таңбалық белгісі – аэронавигациялық ақпаратты беруге арналған әуеайлақтың немесе құрылыштың үстінде орналасқан белгі;

8) бірлесіп пайдалану әуеайлағы – азаматтық әуе кемелері мен басқа ведомстволар авиациясының ұшуы кезінде ұшу жолағын, жермен жүру жолын, перрондарды, қону, байланыс және қозғалысты басқару құралдарын бірлесіп пайдалануға арналған әуеайлақ;

9) бірлесіп орналастыру әуеайлағы – ұшуды қамтамасыз етуге және әртүрлі ведомстволардың қарамағындағы әуе кемелерін тұрақты орналастыруға арналған әуеайлақ;

10) межелі әуеайлақ – ұшу жоспарында және ұшуға арналған тапсырмада қонуы жоспарланған әуеайлақ ретінде көрсетілген әуеайлақ;

11) аэронавигациялық маяк – барлық бағыттан көрінетін және жер бетіндегі белгілі бір нүктені белгілеуге қызмет ететін тұрақты немесе жарқырауық сәуле шығаратын аэронавигациялық жер үсті оты;

12) әуеайлақ қызметі – әуеайлақ (тікүшақ айлағы), әуежай объектілерін қауіпсіз пайдалануды, ұстауды, жөндеуді қамтамасыз етуге арналған әуежайдың құрымдық бөлімшесі (азаматтық авиация ұйымы);

13) ұшып көтерілу-қону жолағы (бұдан әрі – ҰҚЖ) – әуе кемелерінің қонуы мен ұшып көтерілуі үшін дайындалған құрлықтағы әуеайлақтың белгілі бір тікбұрышты учаскесі;

14) басты ҰҚЖ – әуеайлақта әдетте жел өті бағытында орналасқан және барынша ұзын ҰҚЖ;

15) ҰҚЖ-дағы көріну қашықтығы (RVR) – ҰҚЖ-ның остик сыйығындағы әуе кемесінің ұшқышы ҰҚЖ жамылғысының таңбалануын немесе оны шектейтін немесе оның остик сыйығын белгілейтін оттарды көре алғындағы шектегі қашықтық;

16) жерге қону аймағы – жерге қонатын ұшактардың ҰҚЖ-ға бірінші жанасуына арналған ҰҚЖ табаны сиртындағы учаске;

17) әуе кемесінің сыныпталған саны (ACN) – табанның стандартты беріктігінің белгіленген санаттары үшін жасанды жабында әуе кемесінің салыстырмалы әсерін білдіретін сан;

18) тежеудің аяқталу жолағы (бұдан әрі – ТАЖ) – ұшып көтерілу үзілген жағдайда әуе кемесін тоқтатуға арналған, екпін алу қашықтығы аяғындағы арнайы дайындалған тікбұрышты учаске;

19) ұшу алаңы – бір немесе бірнеше ұшу жолағы, жермен журу жолы (ЖЖ), перрондар мен арнайы мақсаттағы алаңдар орналасқан әуеайлақ бөлігі;

20) ұшу жолағы – ҰҚЖ және егер ол болса, тежеудің аяқталу жолағын қамтитын белгілі бір учаске, ол мыналарға:

ҰҚЖ-дан тысқары шығып кеткен әуе кемесінің зақымдану қатерін азайтуға;

ұшып көтерілу немесе қону кезінде оның үстінен ұшып өтетін әуе кемелерінің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге арналған;

21) маркер – кедергілер немесе шекараны белгілеу үшін жер деңгейінен жоғары орнатылған объекті;

22) таңбалық белгі (таңбалау) – аэронавигациялық ақпаратты беру үшін жұмыс алаңының бетінде орналасатын нышан немесе нышандар тобы;

23) қозғалу маршруты – тек көлік құралдарының пайдалануына арналған, жұмыс алаңының шегінде орнатылған жер үсті маршруты;

24) қозғалу маршрутындағы күту орны – көлік құралдарына тоқтау ұсынылатын белгілі бір орын;

25) ҰҚЖ-дағы күту орны – әуе кемесі жермен жүретін және, егер әуеайлак диспетчері пунктінен өзге нұсқау болмаса көлік құралдары тоқтап, күтетін, ҰҚЖ-ны, кедергілерді шектеу бетін, ILS/MLS сындарлы, сезімтал аймағын қорғауға арналған белгілі бір орын;

26) тұрақ орны – қонуға көзбен шолып бет алуды орындайтын әуе кемесінің тұрағына арналып перронда бөлінген учаске;

27) жабдықталған ұшып көтерілу-қону жолағы – қонуға аспаптар бойынша бет алуды орындайтын әуе кемелеріне арналған ҰҚЖ ұлгілерінің бірі;

28) қонуға дәлдемей бет алу үшін жабдықталған ҰҚЖ – көрнекі құралдарымен және ең азы әуе кемесін тіkelей қонуға бет алу бағытына бұзуды қамтамасыз ететін көрнекі емес құралдардың қандай да бір түрімен жабдықталған ҰҚЖ;

29) I санат бойынша қонуға дәл бет алуы үшін жабдықталған ҰҚЖ – ILS қағидатымен (бұдан әрі – ILS) жұмыс істейтін толқындардың метрлік диапазонын қондыру жүйесінің жер үсті жабдығы жүйесімен немесе MLS жүйесімен және шешім қабылдау биіктігінен кемінде 60 м (200 фут) не кемінде 800 м көріну кезінде не ҰҚЖ-дағы көріну қашықтығы кемінде 550 м кезінде ұшуға бет алуға арналған көрнекі құралдармен жабдықталған ҰҚЖ;

30) II санат бойынша қонуға дәл бет алуы үшін жабдықталған ҰҚЖ – ILS жүйесімен және/немесе MLS жүйесімен және шешім қабылдау биіктігінен 60 м (200 фут) кем, бірақ кемінде 30 м (100 фут) және ҰҚЖ-дағы көріну қашықтығы кемінде 350 м кезінде ұшуға бет алуға арналған көрнекі құралдармен жабдықталған ҰҚЖ;

31) III санат бойынша қонуға дәл бет алуы үшін жабдықталған ҰҚЖ – ILS жүйесімен және/немесе MLS жүйесімен жабдықталған, ҰҚЖ-ға дейін және оның барлық бетінің өн бойына әрекет ететін және мыналарға:

А – қонуға бет алуы үшін және шешім қабылдау биіктігінен кемінде 30 м (100 фут) немесе шешім қабылдау биіктігі бойынша шектеусіз және ҰҚЖ-дағы көріну қашықтығы кемінде 175 м кезінде қонуға арналған;

В - қонуға бет алуы үшін және шешім қабылдау биіктігінен кемінде 15 м (50 фут) немесе шешім қабылдау биіктігі бойынша шектеусіз және ҰҚЖ-дағы көріну қашықтығы 175 м кем, бірақ кемінде 50 м кезінде қонуға арналған;

С – қонуға бет алуы үшін және ҰҚЖ-дағы көріну қашықтығында шешім қабылдау биіктігі бойынша шектеусіз қонуға арналған;

32) перрон – жолаушыларды отырғызу немесе тұсіру, пошта жөнелтілімдері мен жүктөрді тиеп, тұсіру, жанар май құю, тұрақ немесе техникалық қызмет

көрсетеу мақсатында әуе кемелерін орналастыруға арналған құрлықтағы айлақтың белгілі бір алаңы;

33) күту алаңы – әуе кемесінің уақытша тұрағына немесе әуе кемелерінің жер үстіндегі қозғалысын реттеу мақсатында олардың айналып жүруіне арналған белгілі бір алаң;

34) маневр жасау алаңы – әуе кемелерінің ұшып көтерілуіне, қонуына және жермен жүруіне арналған әуеайлақ бөлігі, пайдаланылатын перрондар;

35) жермен жүру жолағы – жермен жүру жолын қамтитын және жермен жүру жолында пайдаланылатын әуе кемелерін қорғауға және жермен жүру жолына кездейсоқ шыққан әуе кемесінің зақымдану қатерін төмендетуге арналған участке;

36) ҰҚЖ бастапқы табаны – қону үшін пайдаланылатын ҰҚЖ участкесінің басы;

37) қону алаңы – әуе кемелерінің қонуына және ұшып көтерілуіне арналған жұмыс алаңының бөлігі;

38) шамамен қосарлас ҰҚЖ – жалғаспалы осътік сзызықтарының қосылу/ажырау бұрышы 15 немесе одан аз градусты құрайтын қылышспайтын ҰҚЖ;

39) әуеайлақтың астамдық деңгейі – қону алаңының теңіз деңгейінен ең жоғары нұктесінің астам болуы;

40) кедергі – жер бетімен әуе кемесінің қозғалысына арналған аймақта орналасқан немесе әуе кемесінің ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз етуге арналған белгілі бір биіктікке көтерілген барлық қозғалмайтын (уақытша немесе тұрақты) қозғалатын объектілер немесе олардың бөліктері;

41) аралық күту орны – жермен жүретін әуе кемелері мен көлік құралдары тоқтайтын және әуеайлақтың диспетчерлік пункті одан әрі қозғалысты жалғастыруға рұқсат бергенге дейін күтетін қозғалысты басқаруға арналған белгілі бір орын;

42) жұмыс алаңы – әуе кемелерінің ұшып көтерілуі, қонуы мен жермен жүруіне арналған, перронның (перрондардың) маневр жасау алаңынан тұратын әуеайлақ бөлігі;

43) жермен жүру жолы (бұдан әрі - ЖЖ) – құрлықтағы әуеайлақта әуеайлақтың бір бөлігін екіншісімен қосу үшін әуе кемелерінің жермен жүруіне арналған белгілі бір жол, оның ішінде:

әуе кемесінің тұрақта жермен жүру жолағы – жермен жүру жолы ретінде белгіленген және әуе кемелерінің тұрақ орындарына ғана жақындаудың қамтамасыз етуге арналған перрон бөлігі;

перронның жермен жүру жолы – перроннан тыс орналасқан және перрон арқылы жермен жүру жолын қамтамасыз етуге арналған жермен жүру жолы жүйесінің бөлігі;

44) еркін аймақ – ЭК белгіленген мәнге дейін бастапқы биіктік алудың үшін жарамды участке ретінде таңдалған немесе дайындалған екпін алудың қолда бар арақашықтығының аяғына жанасатын, өуежай қызметтерінің бақылауындағы тікбұрышты жер участкесі немесе су беті;

45) азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган – Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және азаматтық және эксперименттік авиация қызметі саласында басшылықты жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

46) қонуға бет алудың және ұшып көтерілудің түпкі кезеңі аймағы (FATO) – үстінен қалықтап тұру немесе қону режиміне дейін қонуға бет алу маневрінің түпкі кезеңі орындалатын және одан көтеріліп ұшу маневрі басталатын белгіленген аймақ.

FATO-ны 1-сыныпты ұшу-техникалық сипаттамаларына сәйкес ұшуды орындайтын тікұшақтар пайдаланған жағдайда бұл белгіленген аймақ үзілген ұшып көтерілудің қолда бар аймағын қамтиды;

47) үзілген ұшып көтерілу аймағы – 1-сыныпты ұшу-техникалық сипаттамаларына сәйкес ұшуды орындайтын тікұшақтардың үзілген ұшып көтерілуін жүзеге асыруға жарамды тікұшақ айлағының бетіндегі белгілі бір аймақ;

48) лайсан – соғылу кезінде жан-жаққа шашырайтын, тығыздығы 0,5-тен 0,8 г /см<sup>3</sup>-ге дейін су сіңген қар;

49) құрғақ қар – борпылдақ күйінде жел ұшырып әкететін немесе қолмен қысқаннан кейін суситын қар; үлес салмағы 0,35 г/см<sup>3</sup>-ге дейін, бірақ 0,35 г/см<sup>3</sup>-ді қоспағанда;

50) сулы қар – қолмен қысқаннан кейін сусымайтын және қарлы кесек құрайтын қар; ауқымдағы үлес салмағы 0,35-тен 0,5 г/см<sup>3</sup>-ге дейін, бірақ 0,5 г/см<sup>3</sup>-ді қоспағанда;

51) тығыздалған қар – жерден ажырау кезінде сусымайтын, үлкен кесектерге бөлінетін, одан әрі тығыздауға келмейтін қатты массаға тығыздалған қар; үлес салмағы 0,5 г/см<sup>3</sup> және одан астам.

##### 5. Азаматтық авиацияның әуеайлақтары былайша бөлінеді:

1) түрлері бойынша – жасанды жабыны бар әуеайлақ, топырақты, қарлы, мұзды және гидроайлақтар, сондай-ақ жүзбелі баржалардағы, кемелердегі және басқа да құрылыштардағы әуеайлақтары;

2) пайдалану сипаты бойынша – тұрақты және уақытша, күндізгі және тәулік бойы жұмыс жасайтын;

3) мақсаты бойынша – трассалық, зауыттық, жаттығу және авиациялық жұмыстарды орындауға арналған;

4) орналасуы және пайдалануы бойынша – базалық, аралық, ұшу, бару және қосалқы;

5) теңіз деңгейінен биіктігі мен бедер сипаты бойынша – тау және жазық;

6) қону үшін ең аз пайдалануға рұқсаты бойынша – санатталған және санатталмаған;

7) сыныпталуы бойынша – сыныпталған және сыныпталмаған.

ЖҰҚЖ сыныбы әуеайлақтардың азаматтық әуе кемелерін пайдалануға жарамдылық нормаларына сәйкес айқындалады.

6. Мезеттік, ауысымдық ұшулар үшін әуеайлақтардан басқа мөлшері тиісті үлгідегі ӘК қауіпсіз ұшып көтерілуі мен қонуын қамтамасыз ететін қону аландары пайдаланылады. Мұндай аландардағы ұшу қауіпсіздігін, аландардың есебі мен тіркелуін азаматтық авиация ұйымының бірінші басшысы қамтамасыз етеді.

## **2. Әуеайлақ қызметін ұйымдастыру тәртібі**

7. Әуеайлақ қызметінің міндеті ұшу аландарын әуе кемелерінің қауіпсіз және тұрақты ұшуын қамтамасыз ететін күйде тұрақты ұстau болып табылады.

8. Әуеайлақ қызметінің құрылымы мен санын жұмыс көлеміне қарай және әуеайлақты (тікұшақ айлағын) сертификатталған талаптарға сәйкес әуе кемелерін қауіпсіз пайдалануға тұрақты дайындықты қамтамасыз етуді ескере отырып, азаматтық авиация ұйымының бірінші басшысы айқындейды.

9. Әуеайлақ қызметі мыналарды қамтамасыз етеді:

1) Ұшу алаңын ұшуга, оның ішінде курстық радиомаякты (бұдан әрі – КРМ), глассадалық радиомаякты (бұдан әрі – ГРМ) және радиомаяк жүйесін (бұдан әрі – РМЖ) уақтылы және сапалы дайындау. КРМ, ГРМ және РМЖ аймақтарын ұстau үшін әуежай мен азаматтық авиация ұйымының арасында шарт жасалады, онда екі жақтың да техникалық және қаржылық шығындарының ара жігі ажыратылады;

2) параметрлерді өлшеу, әуеайлақтардың (тікұшақ айлақтарының) ұшу алаңы элементтерінің жай-күйін бақылау және бағалау;

3) ұшу алаңын, ұшып көтерілу-қону жолағын, жермен журу және магистралды жолдарды, су бөлу және құрғату жүйелерін, әуежай ішілік жолдар мен вокзал маңы аландарын ағымдық және күрделі жөндеу бойынша жұмыстарды ұйымдастыру және жүргізу;

4) ұшу басшысының рұқсатымен ұшу алаңындағы жұмыстарды орындау;

5) ұшу алаңында басқа қызметтер жүргізетін жұмыстарды келісу;

6) техникалық қауіпсіздік, өрт қауіпсіздігі мен қоршаған ортаны қорғау жөніндегі талаптарды орындау;

7) әуеайлақты ұстau мен жөндеуге бөлінетін материалдық ресурстарды дұрыс сақтау және жұмсау;

Әуеайлақ қызметі ұшу алаңын сапалы, әрі қауіпсіз пайдаланатында ұстauды және әуе кемелерінің ұшудына дайындауды қамтамасыз етеді.

10. Азаматтық авиация ұйымдарында бірінші басшының бұйрығымен әуеайлақтардың сапалы және қауіпсіз пайдалануын қамтамасыз ететін белгілі бір адам тағайындалады, ол:

1) осы Қағида талаптарына сәйкес әуеайлақтың ұшу алаңдарын, ҰҚЖ мен басқа да обьектілерін пайдаланатында ұстau және жөндеу бойынша басшылықты қамтамасыз етеді;

2) басқа ведомстволармен бірлесіп орналасқан әуеайлақты пайдаланумен байланысты ұйымдастыру-техникалық мәселелерді шешеді;

3) ұшу алаңдарын жоспарлы күрделі және ағымдық жөндеуді орындауды қамтамасыз етеді;

4) ұшу алаңдарының жай-қүйі бойынша ӘК ұшуларының кідіруі мен ұшпауын болдырмауға бағытталған іс-шараларды әзірлейді және жүзеге асырады ;

5) әуеайлақ қызметі бойынша жұмыс құжаттамасына, әуеайлақтарды ұстau мен пайдалануды регламенттейтін құжаттамаға кіргізілген барлық өзгерістер мен толықтырулардың есебін жүргізеді;

6) әуежай қызметтері мен азаматтық авиация ұйымдарының, әуеайлақты ұшуға дайындау кезінде әуежайда орналасқан басқа да шаруашылық субъектілерінің өзара іс-қимылын үйлестіреді;

7) әуежайда ӘК қозғалысы мен зақымдануының алдын алу жөніндегі іс-шараларды жүзеге асырады;

8) жер үсті қызметтерінің кінәсінен әуе кемелерінің ұшу реттілігінің бұзылуы жағдайларын азайту жөніндегі іс-шараларды әзірлеуді, енгізууді және бақылауды жүзеге асырады;

9) азаматтық авиация ұйымының ұшу қауіпсіздігі жөніндегі инспекторымен бірлесіп, әуеайлақ ауданындағы құрылыштары мен ӘК ұшу қауіпсіздігіне қауіп төндіретін басқа да қызметке мониторинг жүргізу бойынша шаралар қабылдайды және азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган мен қажет болған кезде бұған қатысты басқа да мемлекеттік органдарға хабарлайды.

11. Әуеайлақтың ұшуға дайындығын айқындастын адамдар әуеайлақ қызметінің бастығы (егер әуеайлақтық қамтамасыз ету осы бөлімнің функциясына кірсе, жер үсті құрылыштарын пайдалану бөлімінің бастығы), аға ( ауысым) инженер, шебер немесе азаматтық авиация ұйымының бірінші басшысының бұйрығымен жіберілген ұшу алаңын ұшуға дайындауға жауапты басқа белгілі бір адам болып табылады, олар:

1) ұшу алаңын тұрақты пайдалану дайындығында ұстau жөніндегі іс-шаралар кешенін жүргізуді қамтамасыз етеді;

2) ұшу алаңының жай-күйін және оның ӘК-нін ұшуына дайындығын бақылайды;

3) әуеайлақтық диспетчерлік пунктте ұшу алаңындағы жөндеу және құрылымы жұмыстарының журналында алда болатын жөндеу және құрылымы жұмыстары туралы жазбаларды уақытылы жазады;

4) ҰҚЖ-дағы жөндеу және басқа да жұмыс тұрлері аяқталғаннан кейін оның ӘК-ні қабылдау, шығару дайындығына жеке бақылау жасайды;

5) азаматтық авиация ұйымының қозғалыс қызметі мен аэронавигациялық ақпарат орталығына жүргізілген жұмыстар мен ұшу алаңының жай-күйі туралы хабарлайды;

6) қызметтің жеке құрамына әуеайлақ қызметінің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша сынақтар қабылдай отырып, сабактар жүргізеді;

7) Мұнара диспетчерлік пунктінің (бұдан әрі – МДП) немесе Сөрелік диспетчерлік пунктінің (бұдан әрі – СДП) диспетчерімен радиобайланыстың бақылау тексеруін жүргізеді, радиобайланыс жоғалған немесе ол тұрақты болмаған кезде әуеайлақтағы жұмыстарды тоқтату және әуеайлақ техникасын ұшу жолағынан тысқары шығару бойынша шаралар қабылдайды;

8) ілінісу коэффициентіне өлшеу жүргізеді және өлшеу нәтижелері бойынша ҰҚЖ-ның әуе кемелерін қабылдауы мен жіберуіне дайындығы туралы шешім қабылдайды;

9) ұшу басшысының (бұдан әрі – ҰБ) немесе МДП (СДП) диспетчерінің командасты бойынша ұшу алаңы мен РМЖ-ның сындарлы аймағын әуеайлақ механикаландыру құралдары мен адамдардан деру босату шараларын қабылдайды;

10) ҰҚЖ-ға осы Қағида талаптарына сәйкес келмейтін жұмыстардың барлық тұрлерін жүргізетін, сондай-ақ МДП (СДП) диспетчерімен байланысу үшін радиостанциясы бар арнайы машиналар мен жұмыстарды жүргізетін қызметтің белгілі бір адамы бірге жүрмелеген техникалық және автокөлік құралдарының шығуына тыйым салады.

Көрсетілген қызметкерлер жоғарыда аталған талаптарды орындауды қамтамасыз етеді және осы Қағидаға 1-қосымшада келтірілген әуеайлақ қызметі бастығының (аға инженерінің, инженерінің, техниктің) Бақылау парагы – міндеттемесіне қол қояды.

Штат бойынша әуеайлақ қызметтері көзделмеген әуеайлақтар мен қону алаңдарында ұшу алаңының жай-күйіне бақылау азаматтық авиация ұйымы басшысының бүйрекшімен азаматтық авиация саласында кемінде 3 жыл еңбек өтілі бар қызметкерге жүктеледі.

12. Әуеайлақ қызметіне жүктелген міндеттерді орындау мақсатында азаматтық авиация үйымының арнайы көлік қызметінің бастығы:

1) әуеайлақ қызметі бастығының қарамағына оның талабы бойынша қыста 20 минуттен кешіктірмей, ал жазда бір тәулік бұрын берілетін алдын ала өтінім бойынша ауқымды және жарқырауық оттармен, радиостанциялармен және сүйреу құрылғылармен жабдықталған жарамды күндегі техниканы бөлуді қамтамасыз етеді;

2) арнайы көлік қызметінен белгілі бір адамды және әуеайлаққа шығар алдында жүргізушілердің нұсқаулық пен медициналық бақылаудан өтуін қамтамасыз ете отырып, әуеайлақтағы жұмысқа рұқсаты бар жүргізушілер нарядын бөледі;

3) мол қар жауған жағдайда қар жинау жұмыстарын уақтылы жүргізу үшін жүргізушілер құрамының, арнайы машиналар мен механизмдердің қосымша резервімен қамтамасыз етеді.

### **3. Ұшу алаңын ұшуға дайындау және ұстau тәртібі**

13. Әуеайлақ қызметінің қызметкерлері кезекшілікке түскен кезде және кезекшілік уақытында:

1) ұшу алаңының ұшуға дайындығына бақылау мен тексеру жүргізеді;

2) арнайы аспаптармен жарақталып, арнайы бөлінген автомашинаны пайдалана отырып, ЖҰҚЖ-дағы ілінісу коэффициентінің мәнін айқындауды;

3) ұшу алаңының жай-қүйі журналында тексеру нәтижелерін тіркейді. Ұшу алаңының жай-қүйі журналының нысаны мен оны толтыру жөніндегі нұсқаулық осы Қағиданың 2-қосымшасында келтірілген;

4) ұшу басшысына (МДП (СДП) диспетчеріне) ұшу алаңының жай-қүйі туралы телефон арқылы немесе магнитофон таспасына жаза отырып, радиобайланыстың УҚТ арқылы хабарлайды.

14. Ұшу алаңының жай-қүйі журналындағы жазба (осы Қағидаға 2-қосымша) ауысымға түскен кезде, ұшу алаңы бетінің жай-қүйі өзгерген кезде, ұшу алаңын ұшуға дайындау жұмыстары аяқталғаннан кейін жүргізіледі.

15. Әуеайлақты жабумен байланысты жөндеу және профилактикалық жұмыстар ұшу басшысымен келісіліп және ӘАҚ-ге хабарлана отырып жүргізіледі, бұл ретте ӘАҚ бұл хабарламаны алғандығы жөнінде растайды.

16. Ұшу алаңын ұстau мен жөндеу ұшу алаңын Қазақстан Республикасының нормативтік талаптарына сәйкес және әуе кемелерін қауіпсіз пайдалануды қамтамасыз ететін тұрақты пайдалану жай-қүйінде ұстauға бағытталған техникалық іс-шаралар кешенін білдіреді.

17. Ұшу алаңын жөндеу ЖҰҚЖ, топырақты ҰҚЖ (бұдан әрі – ТҰҚЖ), ЖЖ, МЖЖ, ТО ақауларын жоюды, бұзылулар мен майысуларға жол бермеуді білдіреді.

Ұшу алаңының ақаусыздығы деп оның нормативтік-техникалық құжаттамада белгіленген талаптарға сәйкестігі, ал жұмысқа қабілеттілігі деп – оның ӘК ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз ететін негізгі параметрлер мәндерін сақтай отырып, берілген функцияларды орындауға бейімділігі түсініледі.

18. Ұшу алаңы құрылыштарының жай-күйін бақылау күн сайын, ал күшті желдерден, жауын-шашын, табигат апаттарынан кейін қосымша бақылау жүргізіледі.

19. Қарап тексеру нәтижесінде ұшу алаңының ақаулығы актісі, жасанды жабындардың ақауларын жою жоспары жасалып, ақаулардың болуына қарай техникалық жай-күйге бағалау беріледі және осы Қағиданың З-қосымшасына сәйкес жасанды жабынның жай-күйі мен олардың күндізгі таңбалануы Қазақстан Республикасының нормативтік талаптарына сәйкестігі туралы қорытындысы бар акті ресімделеді.

20. Қарап тексеру нәтижелері табылған ақауларды жою және ұшу алаңын пайдалануға дайындау бойынша іс-шараларды жүзеге асыруға негіз болып табылады.

21. Көлемі мен сипатына қарай ұшу алаңы элементтерін жөндеу ағымдағы және күрделі болып бөлінеді.

22. Күрделі жөндеуге ұшу алаңы мен олардың құрылыштарын ақаулықтарды жою жолымен алдын ала тозудан, бұзылудан жүйелі және уақтылы сақтау жұмыстары жатады. Ағымдық жөндеу жұмыстары ұшуды тоқтатпай жүргізіледі.

23. Ұшу алаңы (әуеайлақ) объектілерін күрделі жөндеуге жүргізу үдерісінде тозған және майысқан елеулі көлемдегі конструкцияларды (әуеайлақ элементтерін) түзету немесе оларды барынша мықты және ұнемділерімен ауыстыру, сондай-ақ ұшу алаңының (әуеайлақтың) бастапқы негізгі техникалық сипаттамаларын өзгертуей микробедерлерді түзету жүргізілетін жөндеулер жатады.

24. Әуеайлақ жабындарын күрделі жөндеу көлемі мен тәсілі ақау жоспары бойынша олардың техникалық жай-күйін бағалау негізінде белгіленеді.

Әуеайлақ жабындарын күрделі жөндеуді, қайта жаңартуды тиісті лицензиялары бар құрылыш ұйымдары жүргізеді.

25. Ағымдық және (немесе) күрделі жөндеу жүргізу жөніндегі негізгі ережелер, олардың кезеңділігі, жобалық-сметалық құжаттаманы жасау мен бекіту тәртібі, құны т.б. тиісті республикалық және халықаралық құжаттарда (мысалы, ҚР ҚНжЕ 1.02-01-2001, Азаматтық авиация халықаралық ұйымы туралы конвенцияға 14-қосымша және тағы басқалар) айқындалады.

26. Ұшуды тоқтатпай жөндеу жұмыстарын жүргізу кезінде ӘК ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз ететін іс-шараларды уақтылы жүзеге асыруға айрықша назар аударылады.

27. Ұшу қауіпсіздігіне қатер төндіретін ұшу алаңы элементтерінің ақаулығы мен жарамсыздығы ұшу басталғанға дейін дереу жойылады.

28. Ұшу алаңы элементтері бұзылуының алдын алу үшін мыналарға жол берілмейді:

1) жылдың осы кезеңінде есептік салмақтан жоғары салмағы бар ӘК пайдалану. Әуеайлактарда әуеайлақ жабындарының беріктігі бойынша ӘК пайдалану мүмкіндігін, сондай-ақ рұқсат етілетін жүктемені есептеу осы Қағиданың 22-қосымшасына сәйкес жүргізіледі;

2) әуеайлақ элементтерінің жасанды жабыннының бетіне ЖЖМ мен мұздануға қарсы сұйықты төгу.

Жабын негізінің тым ылғалдануын болдырmas үшін олардың бетінде судың тұруына жол берілмейді.

29. Жаз кезеңінде жасанды жабыны бар ұшу алаңын ұстау мыналарды:

1) жабын бетінің жай-күйін, ұшу алаңының оған жанама топырақты участеклерін, ЖҰҚЖ қапталына жанасатын нығайтылған топырақты бүйірлерді тексеруді;

2) жасанды жабынның тегістігін тексеру және бетіндегі ақауларға жол берілмеушілікті айқындауды;

3) жасанды жабынды лайдан, тастандан және басқа да заттардан тазартуды;

4) ұшу алаңындағы бөгде заттарды жинауды;

5) лак-бояу материалдарының түссізденуі мен тозуына қарай көктемгі-жазғы және күзгі-қысқы кезеңде жасанды жабынын таңбалалауды жаңартуды. Ауыстырмалы таңбалық белгілер конструкциялардың тозуына және олардың бояуын жаңарту қажеттілігіне қарай жөнделеді;

6) сыйаттарды, жіктерді бітеуді;

7) су бұру-құрғату құрылғысының өткізу қабілетін қамтамасыз етуді;

8) ұшу алаңының топырақты бөлігінің тегістігі мен тегістік беріктігін, көгалды белгіленген биіктікте және сапада ұстауды қамтиды.

30. Жасанды жабын бетінің жай-күйін күнделікті тексеру нәтижелері бойынша олардың ұшуға жарамдылығына баға беріледі, ол ұшу алаңының жай-күйі журналында тіркеледі.

31. ҰКЖ, ЖЖ-ның жасанды жабындар бетінде, перрондар мен ұшу алаңына (бұдан әрі – ҰА) және ЖҰҚЖ-ның қапталына жанасатын БТП нығайтылған участеклерінде мыналар:

1) бөгде заттар мен жабынды бұзу өнімдері;

2) арматура торлары мен қаңқаларының жалаңаш өзегі;

- 3) ЖҰҚЖ-да биіктігі 25 мм, ЖЖ-да 30 мм астам және ӘК тұрақ орындарындағы плиталар арасында ойықтар мен жарықтар;
- 4) мөлшері 50 мм астам және терендігі 25 мм болатын ойындылар, сынықтары мен оймалар;
- 5) үш метрлік рейка астынан көрінетін 25 мм астам толқын құрылымдары (екі еңісті және жаңбыр қабылдау науаларынан басқа);
- 6) 15 мм астам биіктіктең шайыр томпактары;
- 7) плита жиектерінің шайырмен құйылмаған, ені 30 мм астам сынықтары болмауы тиіс.

32. Жабындарды шаңнан, лайдан және бөгде заттардан тазарту соқа – щетка, желмен үрлеу және вакуммды-машиналармен қажеттілігіне қарай жүргізіледі.

33. Жабынды бөгде металл заттардан тазарту үшү басталар алдында және олар арасындағы үзілістерде, сондай-ақ металл түгі бар щеткалармен жабдықталған жинау машиналарының жұмысынан кейін электрлі-магнитті тазартқыштармен жүргізіледі.

34. ҰКЖ жабынын көктемгі лайсаң аяқталғаннан кейін, сондай-ақ олардың ластануына қарай жуу қажет. Суару-жуу машиналарының қозғалысы жабын еңістіктерін, су бөлу жүйесі орналасуын ескере отырып жүргізіледі. Бұзылған жіктер толтырғышын қалпына келтіру жіктерді резенке-битум тұтқырымен немесе басқа да герметикалық материалдармен жүйелі түрде құю арқылы орындалады.

35. Жіктерді толтыру алдында олардағы ескі толтырғыш пен бетон үгінділері тазартылады. Жіктердегі бұзылған толтырғышта алмай, тазаламай, үрлемей және тегіstemей жіктерге құюды жүргізуге жол берілмейді.

36. Өуеайлақ жабындарының жіктері мен жарықтарын қымтау үшін сертификатталған өуеайлақ герметикасы қолданылады. Шайыр маркасын жол-климат аймағына қарай іріктеу қажет. Жіктерге жабын деңгейіне дейін немесе 1-3 мм төмен деңгейде шайыр құю қажет. Жіктердің санлауларын 150-180 °С төмен емес температурадағы шайырмен толтыру керек.

37. Жіктерге герметикті олар барынша ашық болатын құрғақ, салқын ауа-райы күндері құю қажет.

38. Су бұру-құрғату жүйесі жұмысы бітелу, ағып кету және ақаулы орындарын айқындау үшін судың құдықтарға, науаларға, сағалық құрылыштарға қозғалысын бақылау жолымен тексеріледі.

39. Жаз кезеңінде топыракты үшү аланын ұстау мыналарды:

- 1) үшү аланының пайдалануға жарамдылығын бағалауды;
- 2) топырақтың тегістігін, беріктігі мен жазықтығын қамтамасыз етуді;
- 3) үшү аланының бетіндегі су ағуды қамтамасыз етуді;

- 4) ұшпайтын кезеңді қысқарту бойынша іс-шаралар өткізуі;
- 5) ұшу алаңының бетіндегі бөгде заттарды жинауды;
- 6) шаңсыздандыру бойынша іс-шаралар жүргізуі;
- 7) таңбалық белгілерді жаңартуды;
- 8) агротехникалық іс-шараларды жүргізуі қамтиды.

40. Топырақты ұшу алаңының пайдалану жай-күйі ұшу алаңы топырағының беріктігі мен бетінің тегістігі көрсеткішімен сипатталады. Топырақ беріктігі оның ылғалдылығына, тығыздалу дәрежесіне, топырақ ұлгісіне және оның түйіршікті-өлшемдік құрамына байланысты болады.

Топырақ беріктігінің рұқсат етілген көрсеткіші деп рұқсат етілген белгілі бір ұшып көтерілу, қону және жерде журу соқпағын құрауы кезіндегі осы уақыт сәтінде ӘК дөңгелегі жүктемесіне шыдау қабілеті түсініледі.

41. Топырақты ұшу алаңының ӘК белгілі бір ұлгісінің пайдалануына жарамдылығын бағалау ұшу алаңының талап етілетін және нақты сипаттамаларын, топырақтың тегістігі мен беріктігін салыстыру арқылы жүргізіледі.

42. Ұшу алаңы бетінің тегістігін бақылау шектік рұқсат етілетін мәннен асатын микро және мезо тегіс болмаушылықты (ұзындығы 40 м. дейінгі участкеде жер беті бейінінің өзгеруін (ойлы-қырлы, адырлы, ойыс) айқындаудан тұрады. Микро тегіс еместік көзбен немесе автомобильмен жүріп өту арқылы айқындалады.

Микро тегіс болмаушылық шамасы рейка астынан көрінушілігі 10 см аспайтын ұш метрлік рейкамен тексеріледі. Микро тегіс болмаушылық рұқсат етілетін мәндерден астам болған кезде топырақты бет жөнделеді. Жөндеуден кейінгі микро тегіс болмаушылық 3 см. аспайды.

43. Топырақты ұшу алаңы (топырақты тікүшақ айлағы) мынадай мезо тегіс болмаушылық мәндеріне жеткен кезде жөнделуі тиіс:

$$i_{15}^{\Delta} = 0,03;$$

$$i_{10}^{\Delta} = 0,022;$$

$$i_{20}^{\Delta} = 0,015,$$

оны ақаулы участкедегі бір немесе екі сипатты бағыттар бойынша жанынан біркелкі суретке түсіру арқылы айқындау қажет. 5, 10 және 20 метрге тең қадамдық суретке түсіретін тікелей еңісін мына формула бойынша есептеп шығару керек:  $i_a = h_n - h_{n-1}/a$ ;

мұндағы  $i_a$  - 5, 10 және 20 метрге қашықтайдын нүктелерді қосатын тік кесінді еңісі ("+" белгісі, егер жанынан суретке түсіру барысында көтерілу болатын болса және "-" белгісі егер төмендеу болса);

$h_n$  – суретке түсірудің бастапқы қадамынан кейіндеп қалатын мезобедер бейіні нүктесінің белгісі;

$h_{n-1}$  - мезобедер бейіні бастапқы нүктесінің белгісі,

а – суретке түсіру қадамы, м.

Тікелей кесінділердің аралас қылышының әртүрлілігі мынаған тең

$$\Delta i(5,10,20) = i_{n-1}(5,10,20) - i_n(5,10,20),$$

мұндағы  $i_{n-1}$  – оның белгісі бар алдыңғы кесінді еңістігі;

$i_n$  – оның белгісі бар кейінгі кесінді еңістігі.

44. Мезобеддердің аралас қылышы еңістігінің алынған нәтижелері ол бойынша біркелкі суретке түсіру жүргізілген ақаулы участкенің жанына түсіріп, жөндеу мен жоспарлануы тиіс аралас қылышатын еңістердің жол берілетін мәндерінен басталатын орынды белгілеу қажет.

45. ӘК-нің топырақ бойынша өтушілігі деп осы ӘК үшін беріктігі ең аз топырақтан өз қозғалтқыштарының тартымы бойынша орнынан қозғалу және ТҮҚЖ шегінде ұшып көтерілуді (қонуды) орындаі алу қабілеті түсініледі.

46. ӘК-нің топырақ бойынша өтушілігі мына көрсеткіштермен сипатталады:

1) ӘК орнынан қозғалатын, жермен жүру, екпін алу және ең жоғары рұқсат етілетін терендігі  $H_{max}$  соқпағын жасай отырып жүруі болатын топырақтың шым жабынсыз ең аз беріктігі (

$\sigma_{min}^{стр}$ );

2) шым жабынан сақтау үшін қажетті пайдалану (

$\sigma_{экспл}$ ) терендігі соқпағы жасалатын немесе ол кезде пайдалану ( $H_{экспл}$ ) соқпағы жасалатын

$\sigma_{стр min}$  жоғары.

ӘК әртүрлі үлгілері үшін топырақ беріктігінің көрсетілген көрсеткіш мәндері ұшу-пайдалану нұсқамасында (ҰПН) келтірілген.

47. Ил-62, Ил-62М, Ту-154Б, Ту134 және Ту-134А ұшақтары топырақтың қажетті беріктігі кезінде топырақты әуеайлақтарынан ішінара ұшуды орындаиды.

Топырақтың жоғары қабаты ылғалданған топырақты әуеайлақтарында ӘК пайдалануға жол берілмейді.

48. Тікүшақ ҰҚЖ мен қону алаңының жұмыс алаңындағы топырақтың беріктік көрсеткіші барлық ұлгідегі тікүшақтар үшін кемінде 293,3 Ка (3 кгс/см<sup>2</sup>) құрайды.

49. ТҰҚЖ, қону алаңы жұмыс алаңының және жермен журу жолдарының жарамдылығы

$\sigma_{10}$  және

$\sigma_{30}$  арасындағы топырақ беріктігінің орташа арифметикалық мәндерін тиісінше 10 және 30 см терендігіне рұқсат етілетін бөлшектеумен бағаланады, ол барлық өлшемдер ішінде мынадай мәндермен сипатталады:

- 1) әуеайлақтар мен тікүшақ айлақтарының және қону алаңы жұмыс алаңының ТҰҚЖ сөрелік участеклерінде – 10%;
- 2) ТҚҰЖ орташа участеклерінде - 20%;
- 3) жермен журу жолдарында – 15%.

50. Топырақты тығыздау олардың барынша жоғары тығыздығына қол жеткізілетін оңтайлы ылғалдылық кезінде жүргізіледі.

Топырақтың тығыздалу дәрежесі участекенің орналасқан орны мен топырақтың алуан түрлігіне қарай қабылданады.

ТҰҚЖ сөрелік участеклерінде, ӘК тұрақ орындарында, қозғалтқыштарды сынай орындары мен жермен журу жолдарында құмды және құмайты топырақ үшін 0,95-ге тең, құмайты-сазды топырақ үшін – 1,0, ТҰҚЖ орташа участеклерінде тиісінше 0,9 және 0,95 тең коэффициенті қабылданады.

51. ӘК тұрақ орындары мен қозғалтқышты сынау жүргізілетін орындарда топырақ беріктігі көрсеткіші ТҰҚЖ мен қону алаңы жұмыс алаңындағыдан кем емес көрсеткішті құрайды, ал топырақ беріктігінің бөлшектелуі 10 %-дан аспайды.

52. Топырақ беріктігі көрсеткіші көктем мен күзде лайсан үақытта, жазда жаңбыр кезеңінде, сондай-ақ жөндеу жұмыстарынан кейін топырақ беріктігі өзгерген әрбір жағдайда бақыланады. Ол У-1 соққылағышы көмегімен немесе кейіннен соқпақ терендігін өзгерте отырып, 2,2-4,2 м/с (8-15 км/с) жылдамдығымен жүктелген ӘК жермен сынама жүргізумен айқындалады.

У-1 соққылағышының сипаттамасы, жұмыс сыйбалары, оны пайдалану тәртібі мен топырақ беріктігінің орташа мәнін айқындау кестесі осы Қағиданың 4-қосымшасында келтірілген.

53. У-1 соққылағышымен өлшеу аймақтың басынан аяғына дейін 50 м сайын, ал орта участекде 200 м сайын ТҰҚЖ аяғында (басындағы) участеклерінде

жүргізіледі. Е сыныбы әуеайлақтарының, жіктелмеген әуеайлақтардың ТҮҚЖ-да жерге қону аймағындағы топырақтың беріктігін өлшеу 25 м сайын, орта учаскелерде 50 м сайын жүргізіледі.

54. Топырақтың беріктігі оның беріктігі төмен болжамды учаскелерінде өлшенеді. Жермен жұру үшін жоспарланған учаскелерде ұзындығы бойынша өлшеу 200 метр сайын жүргізіледі. ТҮҚЖ немесе тікұшактарға арналған қону алаңының жұмыс алаңында өлшеу 25 метр сайын, ал жермен жұру жолдарында 50 метр сайын жүргізіледі. Әрбір нүктедегі өлшемдердің қайталанушылығы үш мәртелік болып табылады, одан кейін соққылағыштың өзегі 10 және 30 см терендігіне батырылған кезде соққылар саны бұл нүкте (орын) үшін орташа арифметикалық ретінде айқындалады. Топырақ беріктігі көрсеткіші талап етілгеннен аз (рұқсат етілген бөлшектеуді ескере отырып) орындар топырақтың жай-күйін жақсарту бойынша шаралар қабылдау үшін қосымша тексерілуі тиіс.

55. Шым жабынсыз топырақты ұшу алаңын ұстау мыналарды:

- 1) соқпақтарды бітеуді;
- 2) беткі жабынды жоспарлау және тегістеуді (нығыздауды);
- 3) шаңың пайда болуымен күресті қамтиды.

56. Микробедерді түзету, егер олар рұқсат етілгеннен аспаса тегіс болмаушылықтың жинақталуына қарай және, егер оймалар, дөңестер, ойыстар т.б. ӘК ұшуы үшін қауіп төндірсе дереу жүргізіледі.

57. Терендігі  $H_{max}$  және  $H_{экспл}$  кем соқпақтарды бітеу ӘК ұшуы аяқталғаннан кейін бірден жүргізіледі. Терендігі 6 см дейінгі соқпақтар топырақтың қолайлышы таяу ылғалдылығы кезінде 3-5 тонналық металл баспалармен тегістеу арқылы жойылады.

15 см аспайтын соқпақтар, оймалар мен тегіс болмаушылықтар негізін 5 см терендікке дейін алдын ала қосыту арқылы жергілікті өскін аралас топырақпен жабылады, ал 15 см астамдары әуелі әуеайлақта бар кәдімгі топырақпен, одан соң 10-12 см қабатты өскін аралас топырақпен жабылады. Соқпақтардың терендігі 20 см дейін болған кезде топырақты тығыздау бір қабатпен, 20 см астам болған кезде екі қабатпен жүргізіледі.

58. Соқпақтарды құммен, қырышық таспен, қожбен немесе ҰА топырағынан ерекше басқа да материалдармен жабуға рұқсат етілмейді.

59. Топырағы тас (малта тас, қырышық тас) аралас әуеайлақтарда (тікұшак айлақтарында) байланыспайтын тастандарды жою мақсатында кейіннен ылғалдандырып, ауыр тегіс баспалармен тегістей отырып, оның бетіне жүйелі түрде жоспарлау жүргізу қажет.

60. Топырақты нығыздаудың талап етілетін деңгейіне жету үшін катоктың өту саны осы Қағиданың 4-қосымшасына сәйкес кестеде келтірілген.

Катоктар пневматикалық шинада жұмыс істеген кезде топырақты анағұрлым жақсы нығыздауға қол жеткізеді.

61. Топырақты әуеайлақтарында шаңмен күресу үшін мынадай материалдар:

- 1) гигроскопиялық тұздар;
- 2) целлилюза-қағаз өнеркәсібінің қалдықтары;
- 3) органикалық тұтқырлар;
- 4) синтетикалық смола мен полимер материалдар қолданылады.

Шаңмен күресу тәсілін таңдау әуеайлақты пайдалану және қоршаған ортаны қорғау ерекшеліктерін ескере отырып, топырақты әуеайлақтар мен тікүшақ аландарын шаңсыздандыру жөніндегі қолданыстағы нұсқаулықтарға сәйкес жүргізуі керек.

62. Шым жамылғы көп жылдық шым түзетін өсімдігі бар топырақтың жоғарғы қабатын білдіреді, ол топырақтың ӘК-ден түсетін жүктемеге қарсылығын арттырады, топырақтың неғұрлым жылдам құрғауына мүмкіндік туғызады, топырақтың газ-аяу ағысынан ісінуінің алдын алады. Шым мынадай талаптардың:

- 1) жақсы қоюлығы мен тамырының өрімі болуын;
- 2) қажалуға байланыстылыққа, серпімділік пен орнықтылыққа ие болуын;
- 3) шөптің биіктігі 30 см көп емес, ал шауып алғаннан кейін кемінде 8 см болуын қамтамасыз етеді.

63. Шым жамылғысының сапасы осы Қағиданың 5-қосымшасына сәйкес шым жамылғысының сапасын анықтауға арналған кесте бойынша алаңның бір бөлігіне шым түзетін шөптің жас өркенінің санымен анықталады.

64. Шым жамылғысын күтіп ұсташа мына жұмыстардан:

- 1) шөпті тараудан;
- 2) шым жамылғысын тегістеуден;
- 3) шөпті минералдық тыңайтқыштармен қоректендіруден;
- 4) шөпті шауып алуудан;
- 5) шөп өсімдігін жасанды жолмен суарудан тұрады.

65. Шым жамылғысын тарау көктемде солған өсімдіктерді жұлу және топырақтың ауамен қанығуын жақсарту үшін жүргізіледі. Тарау жеңіл тісті тырмамен орындалады.

66. Шым жамылғысын тегістеу ерте көктемде құрғатуды тездету, төмен өсетін дәнді шөптердің түптенуін күшету үшін жүргізіледі. Тегістеуді топырақтың ылғалдылығы қалыптағыдан 2-3% жоғары: құмайтта - 5 тонналық катокпен, саздақта - 10 тонналық катокпен орындау керек.

67. Биіктігі 8 см дейінгі шөпті соңғы шауып алу күзде орындалады.

Жылдың құрғақ уақытында шөптің өсуін күшету үшін жасанды суаруды жүзеге асыру қажет. Суару суару-жуу машинасымен таңертең немесе кешке жүргізіледі.

68. Кеміргіштермен құресті ықтимал: механикалық, бактериологиялық және химиялық тәсілдердің бірімен жүйелі жүргізу қажет. Бұл жұмысты жергілікті ауыл шаруашылығы органдарының және санитарлық-эпидемиологиялық станциялардың келісімімен орындау керек.

69. Шым жамылғысын жөндеуді жазда пайдалануды тоқтатпай жүргізу керек.

70. Шым жамылғысын сақтау үшін ТҰҚЖ біркелкі пайдалануды шым жамылғысының тозуына қарай бастау сәтін өзгерте отырып жүзеге асыру қажет.

71. Топырақтың беріктігі жыл бойы және азғантай уақыт кезеңінде мол шекте өзгереді. Топырақтың жоғарғы қабаты өзінің беріктігін төмендететін жыл мерзімі немесе жеке уақыт аралығын лайсаң немесе ұшуға болмайтын кезең анықтайды. Лайсаң күзгі, көктемгі және қысқа мерзімді болып бөлінеді.

72. Күзгі лайсаң жиі жауған жаңбырдан және ауа температурасының төмендеуінен пайда болады және топырақтың жоғарғы қабатының ылғалдылығын ұлғайтуға және оның беріктігін төмендетуге алып келеді.

73. Жазғы лайсаң жауын-шашынның мөлшері тәулігіне 40 мм көп ұзаққа созылған кезінде пайда болады.

74. Жазғы лайсаңның басталу мерзімі нақты әуеайлақты қүтіп ұстаудың көп жылдық тәжірибесі негізінде анықталады. Ұшуға болмайтын кезең мен оның басталу мерзімі көктемгі дайындық жұмыстары кезінде ескеріледі.

75. Көктемгі лайсаңды қар жай еріген кезде қар жамылғысын оның қалындығын топырақтың қатқан бетіне дейін төмендете отырып қарқынды нығыздау қажет. Таптап тегістеу кешке таман басталады және түнгі сұықтың әсерінен ұшу алаңының беті келесі күнгі жұмыс үшін қажетті беріктікке ие болу үшін ең жоғарғы тығыздыққа жеткенге дейін жалғасады. Бір күн бұрын пайда болған ойдым-ойдым іздер мен кедір-бұдырлық жойылады.

76. Жолақты қардан толық тазартқаннан кейін кедір-бұдырды жою және оның бетінен субұрғышты қамтамасыз ету қажет.

77. Ұшу жолағын қысқа дайындау ұдерісінде ұшуға болмайтын кезеңді қысқарту үшін топырақты талап етілетін тығыздыққа дейін уақтылы тегістеу қажет.

Күзде ұшу жолағының шекарасында тұрақты жағымсыз температура басталған кезде қар сұы ағыны жағынан субұрғыш арналар салу керек.

78. Әуеайлақтарда (тікүшақ айлақтарында) су бұру және кәріз жүйелері әуеайлақ жабынының орнықтылығы мен ұзақ уақытқа жарамдылығын арттыру мақсатында жабын негіздерінің шектен тыс дымқылдануын болдырмауға арналған.

79. Су бұру және көріз жүйелері осы Қағиданың 6-қосымшасына сәйкес жарамды жай-күйде және ұшу алаңынан су жинау мен бұруды қамтамасыз ететін болады.

80. Жүйенің байқау құдықтары үнемі жабық болады және жүйенің жұмысын бақылау үшін және оларды тазалау кезінде ғана ашылады. Арнайы жобасыз және рұқсатсыз су бұру және көріз жүйелеріне жақын жер жұмыстарын жүргізуге және олардың трассаларының үстіне құрылыш салуға рұқсат етілмейді.

81. Су бұру және көріз жүйелерін байқау көктемде – қар ерігеннен кейін және жазда – мол жаңбыр жауғаннан кейін жүргізіледі.

82. Су бұру құрылғыларын қатып қалудан және қар басып қалудан қорғау үшін жаңбыр қабылдайтын және тальвежді құдықтардың қақпақтарының астына торльмен төсемесі бар ағаш қалқандар мен металл табақтар қойылады. Коллекторлардың бастары қалқандармен жабылады.

Қысы ұзак емес және қары жұқа аудандарда коллекторлардың бастарын жаппайды, бірақ жүйелі түрде қардан тазартады.

Қыскы уақытта жылымық және жаңбыр кезінде тальвежді және жаңбыр қабылдайтын құдықтар суды әуеайлақтың (тікұшақ айлағының) жабыны мен топырақты бетінен тазарту үшін уақытша ашылады.

83. Көктемде тальвежді және жаңбыр қабылдайтын құдықтар және коллекторлардың бастары қақпақтар мен қалқандардан босатылады. Науаларды, тау жыраларын, байқау құдықтарын, көріз шұңқырының шығатын жерін және шымды қардан, мұздан және қоқыстан тазарту керек.

84. Ұшу алаңы мен жабынын су басудың алдын алу үшін:

1) қар еріген кезде қар суын ұшу алаңынан тысқары бұру үшін қарға уақытша ұстап алатын немесе қар үйіндісін жасау;

2) қар суының су бұру жүйесімен өтуіне жүйелі бақылау жүргізу қажет.

Көктемгі тасқын аяқталғаннан кейін су бұру жүйесінің бүлінген участекелері жөнделеді және қалпына келтіріледі.

85. Көктемгі, жазғы және күзгі мерзімдерде су бұру жүйелерін лай мен балшықтан тазарту керек. Ашық жыралардағы және жер бедеріндегі құдықтарды, көріз жүйелерінің шығатын жерлерін тазартуға ерекше көңіл бөлу қажет.

86. Коллекторлар құбырларының жай-күйі айна мен фонардың көмегімен тексеріледі. Айна мен фонарь жақын бақылау құдықтарына орнатылады, фонарьдың жарығы айнаға бақылайтын құбырлар арқылы бағытталады.

Диаметрі үлкен құбырларды қарау жақын құдықтардың арасындағы құбыр арқылы өткен кезде іштен жүргізіледі. Бұл ретте екі жақты байланыс пен қауіпсіздік техникасын қамтамасыз ету қажет.

87. Ұшу алаңын қыскы пайдалануға дайындау кезінде:

1) әуеайлақтың жасанды жамылғысын, ұшу алаңының топырақты бөлігін және су бұру құрылғыларын күрдеп және ағымдық жөндеуді уақытылы орындау;

2) әуеайлақ машиналарын, тракторлар мен тіркеме механизмдерге жөндеу жүргізу және оларды қысқы жағдайдағы жұмысқа дайындау;

3) ұшу алаңында мұз-қар тазарту жұмыстарының технологиялық картасын жасау;

4) ұшу алаңын орташа және барынша көп жауған қардан тазарту жоспарын, сондай-ақ әуежай қызметінің қызметкерлерін қардан тазарту жұмысына тарту кестесін жасау;

5) су қабылдайтын және тальвежді құдықтарды арнайы қақпақтармен жабу;

6) жоспарлау жұмыстарын жүргізу, ТҮҚЖ негізгі және қосалқы беттерін тегістеу және шұңқырларды жою, шөпті шабу;

7) әуеайлақ жамылғысын таңбалауды қалпына келтіру, тасымал таңбалық белгілерді дайындау немесе жаңарту;

8) қыс мезгілінде жамылғыны жөндеу үшін құрылыш материалдарын, сондай-ақ әуеайлақ ішіндегі жолдардағы тайғақтықты жою үшін құрғақ құм дайындау;

9) әуеайлақ қызметі мен арнайы автобазаның штаттарын жүргізушілермен, трактористермен және жұмысшылармен толықтыру, олармен өндірістік-техникалық оқу өткізу және әуеайлақ техникасын пайдалану және ұшу алаңын күзгі-қысқы кезеңде ұстау бойынша сынақтар қабылдау қажет.

88. Әрбір авиакәсіпорында ұшу алаңын және әуеайлақ механикаландыру құралдарын жергілікті жағдайды және осы Қағиданың 368-тармағында баяндалған талаптарды ескере отырып, күзгі-қысқы кезеңдегі жұмысқа дайындау жөнінде іс-шаралар жоспарын құру қажет.

89. Мұз-қар жинау жұмыстарына арналған технологиялық карталар альбомы әуеайлақта мұз-қар жинау жұмыстарының тактикасын регламенттейтін негізгі және орындау үшін қажет құжат болып табылады. Технологиялық карта альбомын жасау жөніндегі негізгі ережелер осы Қағиданың 7-қосымшасында келтірілген.

90. Әуеайлақтардың көктайғақпен күресу үшін химиялық реагентті қажетсінуі ұшу алаңының жасанды жамылғы алаңына, көктайғақтың пайда болу жағдайларының жылдық орташа мөлшеріне байланысты және реагенттің шығыс нормаларын ескере отырып айқындалады.

91. Ұшу алаңдарының қысқы кезеңге әзірлігін қамтамасыз ету үшін мынадай талаптарды орындау қажет:

1) әуеайлақ жамылғысы, ең жоғары ұшып көтерілу массасы 172 000 кг жоғары ӘК қабылдау үшін бірінші кезекте ЖҰҚЖ қар мен мұздан тазартылады;

ең жоғары массасы 172 000 кг төмен ЭК үшін ұшу аландарын ұстау шарттары осы Қафиданың 163-164-тармақтарында берілген.

2) тежеудің аяқталу жолағы ҰҚЖ шетінен әрбір жағынан олардың ұзындығының жартысы қардан тазартылады.

92. Ұшудың тұрақтылығын қамтамасыз ету және ұшу алаңын қардан тазарту және элементтерін дайындау бойынша жұмысты механикаландыру құралдарын ұтымды пайдалану үшін мынадай кезектерге бөлінеді:

1) 1-кезек: ҰҚЖ, ЖЖ, МЖЖ шекаралары бойынша ЖҰҚЖ, ЖЖ жұмыс аландарын, магистральды жермен жүру жолын (бұдан әрі - МЖЖ), перронды, жарықпен сигнал беру жабдығының (бұдан әрі – ЖСЖ) фонарын тазалау, сондай-ақ КРМ және ГРМ аймақтарын дайындау.

2) 2-кезек: қосалқы ТҰҚЖ дайындау, ЭК тұрақ орнын, қалған ЖЖ тазалау.

3) 3-кезек: ЭК тұрақ орнын және еңісті жоспарлай отырып перрондарды тазарту, радиобайланыс объектілеріне баратын кірме жолдарды, ЖЖМ, әуеайлақ ішіндегі жолдарды тазарту және басқа жұмыстар.

93. Екі ЖҰҚЖ бар әуеайлактарда, бірінші кезекте осы Қафиданың 160-тармағында көрсетілген талаптарға сәйкес жұмыс ЖҰҚЖ қардан тазартады.

94. Бірінші кезекке жататын ұшу алаңының элементтерін қардан тазарту қар жауу басталғаннан патрулдеу әдісімен жүргізіледі және оны тоқтатқаннан кейін 1 сағаттан кешіктірмей аяқталуға тиіс. Бірінші кезектің жұмысы аяқталған соң әуеайлақты ЭК ұшып көтерілу мен қонуы үшін ашуға рұқсат етіледі.

Соңғы кезекке қатысты жұмыстар алдыңғы кезектің жұмыстары аяқталған соң бірден басталады.

95. ҰҚЖ жамылғысында жаңа жауған қар қабатының, еріген қардың және судың болуына жол беріледі. Ұшуга рұқсат етілетін ЭК әртүрлі үлгілері үшін атмосфералық жауын-шашын қабатының қалындығы ҰПН-да көрсетілген.

96. Жағымсыз ауа температурасы тұрақты аудандарда әуеайлақ жамылғысы ең жоғары ұшып көтерілу массасы 172 000 кг және одан төмен ЭК пайдалануға рұқсат етілетін тығыздалған қар қабатынан тұрады. Тығыздалған қар қабатының қалындығы шамамен 6-8 см. Тығыздалмаған қардан жанасу 1/10 еңіспен жасалады. Тығыздалған қардың беріктігі мен тығыздалған қар қабатынан тұратын топырақты әуеайлақтар сияқты әртүрлі үлгідегі ЭК үшін жаңа жауған қардың қол жетімді қалындығына қойылатын талаптар осы Қафиданың 137-142-тармақтарында көрсетілген.

97. Көктайғақтың пайда болуын әуеайлақ жамылғысынан аластау мынадай реттілікпен жүргізіледі: ЖҰҚЖ, ЖЖ ЖҰҚЖ мен перронға түйіскен орны, ЖЖ бұрылыстарының орны, ЖЖ тіке учаскелері, перрон және ЭК тұрақ орны.

98. ҰҚЖ-дан көктайғақ жамылғысын кетіру: жылу тәсілімен минус 5  $^{\circ}\text{C}$  дейінгі ауа температуrasы кезінде көктайғақтың пайда болуы аяқталған соң 2 сағаттан көп емес уақытта, 3 сағаттан көп емес минус 5  $^{\circ}\text{C}$  тәмен температура кезінде; 1,5 сағаттан көп емес уақытта ауа температуrasы минус 5  $^{\circ}\text{C}$  кезінде химиялық тәсілмен; ал минус 5  $^{\circ}\text{C}$  тәмен температура кезінде жұмыс басталғаннан кейін 2,5 сағаттан көп емес уақытта аралас тәсілмен (химиялық және жылу) орындалады.

99. ЖҰҚЖ жамылғысындағы ӘК тежеу шарттары ілінісу коэффициентінің шамасымен, тығыздалған қардың қабатынан тұратын ЖҰҚЖ мен ҰҚЖ жамылғыларындағы атмосфералық жауын-шашынның қалыңдығымен және түрімен сипатталады. Илінісу коэффициенті әуеайлақтың АТТ-2 тежеу арбасының көмегімен, деселерометрмен немесе басқа арнайы жабдықтармен өлшенеді. Илінісу коэффициентінің шамасы туралы ақпарат ӘҚҚ органдары мен Аэронавигациялық ақпарат бюросына дейін жеткізіледі. Илінісу коэффициенті мәні 0,3 тәмен болған кезде газтурбиналық қозғалтқыштары бар ұшактардың ұшына рұқсат берілмейді. Тежеу шарттарын бағалау тәртібі мен ілінісу коэффициенттерін нормативтік мәнге келтіру әдісі осы Қағиданың 8-қосымшасында баяндады.

100. Халықаралық шетелдік әуежайлардың және ҚР мен ТМД елдері әуежайларының ҰҚЖ жай-күйі туралы аэронавигациялық ақпарат жинағында жарияланған ақпарат "SNOWTAM" (бұдан әрі - қарлы НОТАМ) көмегімен жүргізіледі. Қарлы НОТАМ – халықаралық тәжірибеде қабылданған әуеайлақтың жамылғысында қардың, мұздың, еріген қардың немесе тұрып қалған судың болуымен пайда болған қауіпті жағдайдың бары немесе жойылуы туралы ақпаратты қамтитын хабарлама.

101. Қарлы НОТАМ-ды әуеайлақ қызметінің лауазымды адамдары аэронавигациялық ақпарат жинағына (ААЗ) береді.

102. Қарлы НОТАМ нысаны, оны толтыру жөніндегі нұсқаулық және оның қолданылу уақыты осы Қағиданың 9-қосымшасында келтірілген.

103. Әртүрлі жабдықтың көмегімен өлшенген ілінісу коэффициенттері мәнінің және тежеу тиімділігінің арасындағы арақатынас осы Қағиданың 10-қосымшасындағы кестеде келтірілген. ҰҚЖ жамылғысы бетінің жай-күйін сипаттау үшін осы Қағиданың 1-тарауында келтірілген атмосфералық жауын-шашын түрлерінің анықтамасын пайдалану керек.

104. Әуеайлақ жамылғысын қардан тазартуға арналған негізгі құралдар щеткалы-пневмотикалық, тырмалы-щеткалы және роторлы қар тазалағыштар, жел машиналары, автогрейдерлер мен бульдозерлер, реагент пен құм шашқыштар, жоспарлау жұмыстары мен қарды нығызыдау үшін – автогрейдерлер,

тегістегіштер, катоктар және т.б. болып табылады. Әртүрлі сыныптағы әуеайлақтарды ұстауға арналған механикаландыру құралдарының нормативтік табелі осы Қағиданың 11-қосымшасында, ал әуеайлақ жұмыстарын механикаландыруды есепке алу журналының нысаны осы Қағиданың 12-қосымшасында көлтірілген.

105. Қарды тығыздау әдісімен ТҮҚЖ дайындау және ұстау технологиясы, сондай-ақ әуеайлақ жамылғысын қар мен мұздан тазарту технологиясы қарды жасанды жамылғыда және топырақты әуеайлақта тығыздау осы Қағиданың 13-14-қосымшаларында көлтірілген.

106. ЖҰҚЖ, ТҮҚЖ-да қарды тазалау немесе тығыздау бойынша жұмыстар кезінде қону оттары немесе өзге де жарық-техникалық жабдықтар бүлінбеуі үшін бақылау қажет. Бұл үшін оттар мен жабдықтар бағдарлармен, қызыл жалаулармен немесе бұтақтармен белгіленеді, түнгі тазарту кезінде оттар жағылады.

Қар жинайтын және қар тығыздайтын машиналар мен механизмдердің қозғалысына оттан 1 метрден жақын емес қашықтықта рұқсат етіледі. Қону оттарының маңайында қалған қар жанама оттарды тазартуға арналған машинамен, шағын роторлы қар тазалағышпен немесе шағын механикаландыру құралдарымен немесе қолмен жиналады.

107. Жаяу бұрқасын мен қарлы боран кезінде аудиосигналын қардың мөлшерін қысқарту үшін іргелес жерден осы Қағиданың 137-144-тармақтарына сәйкес қар тоқтататын қоршаулар орнату керек.

108. Температура уақытша жоғарылаған немесе кенет жылынғаннан кейін сұйыт бастағаннан көктайғақтың пайда болуының алдын алу жөніндегі негізгі іс-шаралар:

1) жылдамдығы 5,5 м/с дейінгі (20 км/с) тырмалы-щеткалы қар тазалағыштардың тобымен жамылғының тазартылған бетімен щеткасы бар машинамен қарқынды патрулдеу, бұл ретте машиналар қозғалысының аралығы 30 минуттан аспайтын уақытты құрайды, бұл жамылғының бетіне атмосфералық жауын-шашынның қатуы мен мұз қабыршағының пайда болуын болдырмауға мүмкіндік береді;

2) жамылғы бетін кептіру үшін 1,6-2,2 м/с (6-8 км/с) қозғалыс жылдамдығымен жылу машиналары мен 2,2-4,2 м/с (8-15 км/с) жылдамдықпен "жел" машиналары тобының патрулдеуі;

3) дымқылданған үстіңгі қабатқа химиялық реагентті қолдану ұнтақ түрінде, ал құрғаққа су ерітіндісі түрінде қолданылуы мүмкін.

109. Әуеайлақ жамылғысынан көктайғақ түзілімдері тиісті реагенттерді (мысалы, АНС түріндегі, карбамид және басқа сертификатталған реагенттер), сондай-ақ пішінді немесе желқайық схема бойынша жамылғының бойлық осін

бойлай қозғалатын жылу немесе "жел" машиналарын қолдана отырып химиялық тәсілмен тазартылады, (11-қосымша) машиналардың қозғалысы желдің бағытына, жамылғының ені мен еңсіне байланысты таңдалады және ең жақсы су бұруды қамтамасыз етеді.

110. АНС үлгісіндегі реагент барлық үлгідегі жамылғыларда қолданылады. Ол мұз қабыршағының қалындығына және ауа температурасына байланысты 10-30 минут ішінде минус  $12^{\circ}\text{C}$  дейінгі ауа температурасы кезінде мұзды белсенді ерітеді. Жасы екі жылдан артық АНС реагентін цемент-бетон жамылғыларда қолдануға рұқсат етілмейді. Карбамид реагентін минус  $5^{\circ}\text{C}$  төмен емес ауа температурасы кезінде асфальт-бетон және қара қыыштықтар жамылғылардағанда ауыстыруға рұқсат етіледі. Цемент-бетон жамылғыларда карбамидті қолдануға рұқсат етілмейді. Карбамиден көрсетілген ауа температурасы кезінде мұз балқытудың тиімділігі АНС реагентін қолдану кезіндегідей. Реагенттің сапасы ол әуежайларға түскен кезде техникалық талаптарға сәйкес тексеріледі.

111. Химиялық реагент жабық құрғақ қойма бөлмелерінде зауыт орамасымен төсөніштерде сақталады. Төсөніштердің  $2 \times 2,5$  м көлемі бар және еденнен кемінде 10 см жоғары болуы керек. Қаптың реагентпен нығыздалуын болдырмау үшін төсөнішке қатқабат орналастырылады, оның биіктігі 1,5 м артық болмайды.

112. Химиялық реагенттер:

- 1) пайда болған көктайғақты балқыту;
- 2) көктайғақтың пайда болуының алдын алу үшін пайдаланылады.

Реагентті қатты түрінде шашқан кездегі негізгі талап оның беті бойынша және көктайғақ қабыршағының қалындығы мен ауа температурасына байланысты шығыс нормасында бөлінуінің біркелкілігін қамтамасыз ету болып табылады. АНС реагенті мен карбамидтің көктайғақ қабыршағының қалындығы 1 мм көп болған кезде жамылғының  $1 \text{ m}^2$  орташа шығынын осы Қағиданың 15, 16 -қосымшаларындағы 1-кесте мен графіктің деректері бойынша қабылдау керек. Көктайғақ қабыршағының қалындығы 1 mm көп болған кезде реагенттің шығыны әрбір қосымша миллиметрге осы Қағиданың 16-қосымшасындағы кестеде көрсетілген деректердің 50% көлемінде қолданылады.

113. Минус  $2^{\circ}\text{C}$  дейінгі ауа температурасы кезінде құрғақ жамылғыларда көктайғақтың пайда болуының алдын алу үшін АНС реагентінің немесе карбамидтің шоғырланған су ерітіндісі  $0,05-0,25 \text{ л}/\text{m}^2$  шығынмен, ал ылғал жамылғыларда АНС химиялық реагентінің ұнтағы немесе карбамид осы Қағиданың 16-қосымшасының кестесінде көрсетілген  $1 \text{ m}^3$  ерітіндіні алу үшін реагент пен су шығынының нормасымен АНС химиялық реагентінің ұнтағы немесе карбамид қолданыла алады.

114. Арматурасы әуеайлақ жамылғысының бетіне шығып тұратын терендетілген үлгідегі оттардың бұзылуын болдырмау үшін:

- 1) ҰКЖ жамылғысын тазартуды резенкелі төсемсіз металл пышақтармен жабдықталған тырмалы-щеткалы машиналармен жүргізу;
- 2) оттар қондырғыларының осьтері бойынша өтетін жерді автогрейдерлермен, шнекроторлы қар тазалағыштармен және бульдозерлермен орындауға;
- 3) терендетілген үлгідегі оттар линзасы газ ағынының ықпалымен тартуға;
- 4) ҰКЖ-да түсірілген жұмыс органдары бар жоғарыда көрсетілген машиналармен оттар желілерінің қылышысымен байланысты маневрлерді жүзеге асыруға рұқсат етілмейді.

115. Тәуліктің қараңғы кезінде терендетілген оттармен жабдықталған жамылғыны іске қосылған оттар кезінде тазалау керек. Бұл ретте жарық арналарын қар мен мұздан тазарту жарық беретін от шамымен сәулеленетін жылу энергиясының әсері есебінен жүргізіледі.

116. Көктайғақтан химиялық реагенттің көмегімен тазарту және еріген суды кетіру кезінде бұрыш үлгісіндегі оттарды жылдамдығы 4,2-5,5 м/с (15-20 км/с) осьтік оттан және жерге қону аймағы оттарының шеткі қатарларынан 3 м қашықтықта жел машиналарының қосымша өтуімен химиялық ерітіндінің қалдықтарынан құрғату қажет.

117. Терендетілген үлгідегі оттармен ЖҰКЖ көктайғақ түзілімдерін жылу және жел машиналарымен тазартқан кезде қозғалыс схемасы қону аймағының оттарымен ЖҰКЖ участкерін тазартқан кезде жылу машиналарының өтетін жері үшін оттың сыртқы жағынан жүргізілетіндей етіп салынады. Осьтік оттар осы оттармен қатар қозғалатын жел машинасымен тазартылады.

118. Тұрақты ауа температурасы жағымсыз аудандарда қыскы кезеңде металл жамылғылар қалындығы 6-8 см тығыздалған қар қабатынан тұрады, ол ауа температурасы көтерілген кезде ӘК пайдалануды қамтамасыз етеді және металл жамылғыны қардан тазартатын машинамен жұмыс кезінде бұлінуден сақтайды. Жағымды ауа температурасы басталғанға дейін металл жамылғы резенкелі секциялы үйіндімен жабдықталған тырмалы-щеткалы қар тазалағыштармен қардан толық тазартылады.

119. Жағымсыз ауа температурасы тұрақсыз аудандарда металл жамылғылар қардан тазартылады. Бұл әуеайлақтарда қарды тығыздау әдісімен екінші топырақты жолақты дайындау қажет.

120. Металл жамылғылардың плиталары түйісу қосылыстарының сынуын болдырмау үшін шнекроторлы қар тазалағыштардың қар жинайтын құрылғылары мен тырмалы-щеткалы қартазалағыштардың үйінділері қалыпты жағдайдан 3 с жоғары көтеріледі. Тракторлар мен бульдозерлердің металл жамылғыларда жұмыс істеуіне рұқсат етілмейді.

121. Металл жамылғылардан көктайғақ түзілімдерін қардан тазарту әдісімен жылу машиналарымен немесе химиялық реагентпен тазартады. ҮКЖ, ЖЖ және ЭК тұрақ орнындағы металл жамылғылардағы көктайғақпен күресу үшін абрразивті материалдарды қолдануға рұқсат етілмейді.

122. Қыс кезінде топырақты ұшу аландарында ЭК пайдалануға жағымсыз ауа температурасы орныққан және топырақтың жоғарғы қабаты қатқан кезде:

Ан-2 және Л-410 сыныпты ЭК үшін 5-6 см тереңдікте;

Як-40, Ил-14, Ан-24 сыныпты ЭК үшін 8-10 см тереңдікте;

Ан-12 және Ил-14, Ан-24 сыныпты ЭК үшін 15-20 см тереңдікте;

Ту-134 және Ил-76 сыныпты ЭК ұшақтары үшін 25-30 см тереңдікте;

Ту-154 сыныпты ЭК ұшақтары үшін 30-35 см тереңдікте рұқсат етіледі.

Топырақтың қату тереңдігі аз кезде қар қабатының астындағы қатып қалған топырақтың беріктігін анықтау қажет. Егер топырақтың беріктігі нақты үлгідегі ЭК үшін талаптарды қанағаттандырса, онда оны пайдалануға рұқсат етіледі. Топырақ беріктігінің көрсеткішін анықтау әдістемесі осы Қағиданың 17-қосымшасында келтірілген.

123. Топырақты ұшу аландарын тазарту әдісімен ұстau немесе қарды тығыздау тәсілі ЭК пайдаланылатын үлгілерін және ұшу алаңының ауданы мен орналасқан жерінің климаттық ерекшеліктерін ескере отырып анықталады. Қардан тазарту ұшу алаңын ұстaudың ең сенімді тәсілі болып табылады, өйткені ол қысқы жылымық және тұрақсыз жағымсыз температура кезінде оның қатардан шығуын болдырмайды.

124. Жағымсыз температурасы тұрақты және қыс мезгілі ұзак аудандарда Ан-2, Л-410, Як-40, Ил-14 және Ан-24 үлгісіндегі ұшақтарға арналған топырақты ұшу аландары қарды тығыздау тәсілімен дайындалады. Ту-154, Ту-134, Ан-12, Ил-18 және Ил-76 үлгісіндегі ұшақтарға арналған топырақты әуеайлақтар қардан тазарту әдісімен дайындалады.

125. Шым жамылғысын қатып қалудан қорғау және бетін тегістеу мақсатында қардан тазарту әдісімен дайындалатын ТҮКЖ-да қыстың алғашқы кезінде қалындығы 6-8 см тығыздалған қабатты жасау үшін тегістейді.

126. Тығыздалған қардан қабат жасағаннан кейін одан әрі ұстau осы Қағиданың 14-қосымшасында жазылған қағидалар бойынша тазарту әдісімен жүргізіледі.

127. Жүйелі түрде екі аптада кемінде бір рет тығыздалған қардың қалындығын өлшеу қажет және бұл қалындық 6 см аз болған жағдайда бұл участекелерде тазарту орнына қарды тығыздау керек.

128. Шаңғы шассиінде Ан-2 ұшағын пайдалану үшін ТҮКЖ мен қону аландарын дайындау 25 см асатын кедір-бұдырды жоюдан (урлеу, төбелер, сүргілер және с.с.) тұрады. Ұшу жолағының жұмыс бөлігіндегі қар тегістегіштің

біржолғы өтумен тығыздалады. Қардың бетінде қабыршақ мұздың болуына жол берілмейді.

129. Жаңа жауған қарды нығыздау әдісімен дайындалатын ТҰҚЖ-да қардың қалыңдығы қалай 5 см жетеді нығыздауды бастау және қар жауу тоқтағанға дейін жалғастыру қажет.

130. Қардың тығыздығы мен беріктігін арттыру үшін ұшу жолағын тегістеу қар жаууына немесе онда жаңа жауған қар қабаты болуына қарамастан температура жоғарылаған кезде де жүргізіледі. ТҰҚЖ қарды тығыздау әдісімен дайындау мен ұстасу технологиясы осы Қағиданың 13-қосымшасында келтірілген.

131. ӘК пайдалануға әсер ететін ТҰҚЖ негізгі көрсеткіштерінің бірі тығыздалған қардың беріктігі (көтеру қабілеті) болып табылады. Ұшактың әрбір үлгісі үшін өзінің пайдалану және тығыздалған қардың ең аз ұйғарынды беріктігі белгіленеді. Тығыздалған қардың пайдалану беріктігі кезінде ұшақтардың тұрақты ұшуына рұқсат етіледі, бұл ретте шұңқырдың терендігі ұшақ донғалағынан 2 см аспайды. Тығыздалған қардың ең аз ұйғарынды беріктігі кезінде ұшақтардың біржолғы ұшуына рұқсат етіледі, бұл ретте шұңқырдың терендігі ұшақ донғалағынан 6 см аспайды.

132. Ұшақтардың әртүрлі үлгілері үшін тығыздалған қардың қажет беріктігі осы Қағиданың 18-қосымшасының кестесінде келтірілген.

133. Тығыздалған қарлы жамылғының беріктігі (көтеру қабілеті) қардың салыстырмалы тығыздығына байланысты, оның температурасы мен жамылғыда қарды қалыптасу уақыты графикке сәйкес қардың беріктігінің осы Қағиданың 19-қосымшасының сыртқы ауа температурасына байланысты.

ТҰҚЖ қар жамылғысының беріктігі мен салыстырмалы тығыздығын өлшеу соңғы участеклерінде (ТҰҚЖ осі бойынша) 50 метр сайын, ортадағы участекеде 200 метр сайын жүргізіледі. Қардың беріктігі мен салыстырмалы тығыздығын анықтау әдістемесі осы Қағиданың 13-қосымшасына сәйкес қарды тығыздау әдісімен ТҰҚЖ дайындау және ұстасу технологиясында келтірілген.

Тығыздалған қардың температурасын өлшеу ТҰҚЖ осі бойынша тығыздалған қар қалыңдығының жартысына термометрді батырумен 200-300 м сайын жүргізіледі. Тығыздалған қардың қалыңдығы 8 см дейінгі кезде температура өлшенбейді, бірақ ауа температурасы бірдей болып есептеледі. Қардың беріктігін, тығыздығын және температурасын әуеайлақты ұстасу үшін белгілі бір адам өлшейді.

Қар жамылғысының беріктігі мен тығыздығын ұшуды бастар алдында, әрбір тығыздалған қардан кейін, ауа температурасы жоғарылаған кезде анықталады және ұшу алаңының жай-куйі журналына тіркеледі.

134. ТҮҚЖ бүйір шекараларына, жермен жүру жолында және ӘК тұрақ орындарында осы Қағиданың 20-қосымшасының суретін еңісі 1\10 көп емес құламалар орнату керек.

135. Ұшақтар доңғалақтарының іздері ауа температурасы төмендегенге дейін ұшу тоқтатылған соң бірден жойылады. Іздерді бекітіп тастағаннан кейін қар жамылғысының мүқият тегістелген беті болады, себебі кедір-бұдырлар қалдырылған жағдайда ұшақтардың ұшудына кедергі жасайтын сүргілер мен үрлеудің пайда болуы үшін жағдай жасалатын болады.

136. Қарды тазарту мен тығыздау әдісімен дайындалатын топырақты және мұз әуеайлақтарда доңғалақ шасси бар әртүрлі үлгідегі ұшақтарды пайдалануға қалындығы жаңа жауған қардың бетінде РЛЭ-де көрсетілген ұшақтардың қалындығынан аспайтын болған кезде рұқсат етілуі мүмкін.

137. Ұшу жолағының көрінуі мен қарама-қарсылығын жақсарту үшін қардың түсуіне және оны тығыздауға қарай жүйелі түрде қону участесінің шеттеріне қылқан жапырақты ағаштардың бұтақтарын лақтыруға рұқсат етіледі.

138. Көктем алдындағы кезеңде "ұшуға болмайтын кезеңді" қысқарту үшін ТҮҚЖ-да тығыздалған қардың қалындығын роторлы қар тазалағыштармен кейіннен тазарта отырып, автогрейдермен оның шамалы қабатын кесіп азайту қажет. Қарды кескеннен кейін ТҮҚЖ бетін тегістегішпен немесе катокпен тегістеу керек.

Қар қарқынды ери бастағанға дейін тығыздалған қардың қалындығы азаяды. Пайда болған еріген су тазартылады.

Әуеайлақта екі ТҮҚЖ болған кезде оның біреуін қарды тығыздау жолымен ұстау керек.

139. Қысқы сұық басталғанға дейін уақытша топырақты әуеайлақ астындағы участке мүқият тексеріледі, жоспарланады, жерде бұтақтың немесе қысқы уақытта жақсы көрінетін басқа бағдардың қомегімен бекітіледі және бөгде заттардан (түбір, тамыр, бұтак, ағаштар, қойтастар және т.б.) тазартылады.

140. Әуеайлақ жамылғысында қар басудың пайда болуын болдырмау үшін қар тоқтату стационарлық (ағаш отырғызу, әртүрлі қоршаулар) және уақытша құралдардың (қар жасалған орлар, үйінділер, ауыстырылатын қалқандар және қоршаулар) қомегімен жүргізіледі.

141. Ұшу алаңын қар басып қалуын болдырмау мақсатында:

- 1) қар-жел ағыны үшін тегіс және сүйір жамылғы бетін ұстау;
- 2) барлық қар басатын участеклерді сенімді қар қорғау құралдарымен қоршау қажет.

142. Ұшу аландарында қар басып қалуды болдырмау жөніндегі іс-шараларды әзірлеу жергілікті табиғи-климаттық факторларды зерттеу және әуеайлақты қыста пайдалану тәжірибесі негізінде жүргізіледі. Қар басып қалу климаттық

жағдайларға, қоршаған жердің бедеріне, өсімдіктердің болуына, ҰҚЖ, ЖЖ және ӘК тұрақ орнының көлденең бейініне және олардың өлшеміне, үстемдік ететін жел бағытына, қар тазалаудың сапасына байланысты. Пайдалану үдерісінде қар басатын жерлерді ерекшелеге және қар басып қалуды жою немесе азайту жөнінде іс-шараларды жүргізу қажет.

143. Ұшу алаңының элементтерін ағаштар мен бұталар отырғызуудың көмегімен жүзеге асырылатын қар басып қалудан қорғау әуеайлақ аумағындағы кедергілердің биіктігі бойынша шектеу талаптарына сәйкес жүргізіледі. Егер жергілікті климаттық жағдайлар бойынша қорғаныш екпелерді отырғызу мүмкін болмаса, жасанды құралдарды пайдалану қажет.

144. Қар үйінділерінің, үйіндісі бар орларды автогрейдерлердің, қар жинағыштардың, екіжалды қар тазалағыштардың және бұрыштықтардың көмегімен салу қар жамылғысының қалындығы 20 см кезінде қыстың басында жүргізіледі.

145. Қалқандар ҰҚЖ-дан 60-100 метр қашықтықта қорғалатын объектілердің (ҰҚЖ, ЖЖ, ТО) осімен қатар желіде жаппай, бірақ ҰЖ тысқары және ЖЖ мен ТО-дан 30-60 метр барлық жағдайларда (А, Б және В сыныпты әуеайлақтарда – 40 м жақын емес) боранның, жел күшінің және 25-100 текше.м./м қар көшүі кезінде қарқындылықта байланысты орнатылады.

146. Қалқан желіні бүкіл қыс бойы қар тоқтататын қалқандардың қалыпты жұмысын қамтамасыз ету және оларды уақтылы орын ауыстыру мен көтеруді жүргізу үшін мұқият бақылау қажет.

147. Қыс аяқталған соң қалқандар жинап алынады және арнайы бөлінген жерлерде қатқабатқа жиналады.

#### **4. Арнайы мақсаттағы аландарды, әуеайлақ жабдықтары мен құрылғыларын дайындау және ұстau тәртібі**

148. Арнайы мақсаттағы аландар шаңнан, лайдан, қардан және мұздан жүйелі түрде тазартылады, сондай-ақ уақытылы жөнделеді.

Аландары әуеайлақ жамылғысымен және топыракты участеклермен түйісу участеклерін аландардың жамылғыларын жалаңаштауға, аландардың конторы бойынша плиталардың шеттерін қирата және топырақ жамылғысына жанасатын эрозиясына жол бермей жарамдылықта ұстau керек.

149. Авиақозғалтқыштарды (айдау алаңын) сынап көруге арналған ӘК ТО зәкірлік бекіткішпен және ӘК жылжытудан қорғайтын төзімді қалыптары бар арнайы құрылғылармен жабдықталады.

Айдау аландары құрғақ және таза. Қажет болған жағдайда олар сорғы қабылдамайтын қалқандармен жабдықталады.

Сорғы қабылдамайтын қалқандар авиация техникасын, қызмет көрсетеу құралдарын, адамдар мен құрылыштарды ұшақтардың қозғалтқыштарынан бөлінетін газ-ауа ағысының әсерінен қорғау үшін қолданылады.

150. Сорғы қабылдамайтын қалқандарды олардың техникалық жай-күйін анықтау үшін жүйелі тексеру керек. Тексеруге:

- 1) металл қалқандардың барлық конструкциялары бойынша, әсіресе қаңқасы бар ауытқитын пластиналар түйісетін жерлердегі пісіру жігі;
- 2) металл қалқандардың іргетасқа немесе бетон жамылғысына бекіту түйіні;
- 3) металл конструкциялардағы қызуға төзгіш бояу;
- 4) бұрандамалық жалғанулар;
- 5) монолит немесе құрама плиталардың, топырақ үйіндісі түріндегі қалқандар қаптамасының жұмыс беті мен жігі жатады.

Сорғы қабылдамайтын қалқандардың ақаулары әуежайдың инженерлік-авиация қызметінің күшімен жойылады.

151. Пісіру жігі мынадай талаптарға сәйкес келеді:

- 1) тегіс ұсақ қабыршақты беті болу (томпақсыз, күйіксіз, тарылусыз және үзіліссіз) және негізгі металға бір қалыпты өту;
- 2) сызаттары, шұңқыры және беткі кеуек бауы болмауы (жеке орналасқан беткі кеуек рұқсат етіледі).

152. Сорғы ауытқитын қалқандардың болат конструкцияларын бояуды  $150^0$  температураға шыдайтын ыстыққа төзімді грифталмен, нитролакпен немесе лак және басқа да бояу материалдарымен жаңарту қажет. Бояр алдында қалқандардың болат конструкциялары лайдан, тоттан, майдан және тұрып қалған бояудан тазартылады.

Лак-бояу материалын бояу шашқышпен бос жерлер қалдырмай, дақсыз және ағызбай тегіс жұқа қабатпен салады.

153. 3-4-сыныпты ӘК оларды ҮҚЖ тыскары аунатқан жағдайда сину мен бүлінуді болдырмау үшін осы Қағиданың 21-қосымшасына сәйкес топырақты тежеу аландарын (бұдан әрі – ТТА) жасау керек.

154. ТТА ТАЖ шегінде салынады және ҮҚЖ шет жағынан аластатуына қарай ұлғаятын 5-тен 30 см-ге дейін терендікте жыртылған, ұзындығы әртүрлі участеклерден тұрады. Тежеу алаңының шетінде егер ол алдыңғы жыртылған участеклерде тежелмейтін болса ӘК кідірту үшін құмды топырақтан үйінді жасайды. ТТА шамамен алынған көлемі осы Қағиданың 21-қосымшасындағы кестеде келтірілген.

155. ТТА беті температуралық-ылғал жағдайына байланысты жүйелі түрде оларды қосыған күйінде тұрақты ұстау үшін тырмалау және жырту керек.

## 5. Гидроөлеялактарды дайындау және ұстау тәртібі

156. Гидроөуеайлактар теніз, өзен және көл, сондай-ақ тұрақты және уақытша болып бөлінеді. Гидроөуеайлак акваториядан және қызметтік-техникалық аумақтан тұрады.

157. Акватория су бетінде гидроұшактардың ұшуы, қонуы, жүруі, тұрақтауы мен қызмет көрсету үшін арнайы жабдықталған су участесін білдіреді.

158. Гидроөуеайлактардың қызметтік-техникалық аумағы гидроұшактар мен көліктік тасымалдауларға қызмет көрсетуге арналған ғимараттар мен имараттар орналасатын жағалау участесін білдіреді.

159. Ұшу бассейні деп ұшу жолақтарының біреуі немесе бірнешеуі орналасатын гидроұшактардың ұшуына және қонуына арналған акватория бөлігін атайды.

160. Гавань деп тұрақтауға, маневр жасауға және гидроұшактар мен жұзу құралдарына қызмет көрсетуге арналған акватория бөлігін атайды.

161. Гидроөуеайлак ретінде жел толқындарынан және жай толқындардан (табиғи бухталардан) қорғалған, су басуға тартылмаған жағалау жолағы бар су қоймаларының участеклерін, сондай-ақ гидроөуеайлакқа кіреберіс жолдарын орнату мүмкін болатын участеклерді таңдайды.

162. Акватория мынадай талаптарға сәйкес болады:

1) су қоймасы жоспарында және терендігінде жеткілікті мөлшерлері болады;

2) гидроұшактарға қызмет көрсететін жұзу құралдарының қозғалысы үшін фарватерлері, ал акваторияны кеме жұзу трассасымен қынанғанда - тиісті кемелер үшін фарватерлері болады;

3) ағыс жылдамдығы секундіне 3 м аспайды;

4) жағалау жолағына тікелей жақын орналасады.

163. Ұшу бассейнінің нысаны мен өлшемдері ұшу жолағының санымен және қажетті ұзындығымен айқындалады.

164. Гидроөуеайлактардың пайдалануға жарамдылығының нормалары Қазақстан Республикасының тиісті қолданыстағы нормативтік актілерінде айқындалады.

165. Акваторияны қарауды өуеайлак қызметінің және қозғалыс қызметінің лауазымды адамдары ұшу басталғанға дейін 1 сағат бұрын, сондай-ақ гидроұшактардың ұшуы немесе қонуы алдында, оны жүргізуге немесе ұшып көтерілу-қону операцияларына бөгет болатын бөтен заттардан тазарту мақсатында жүргізеді. Бұдан басқа акваториядан кемелерді алуға шаралар қабылданады. Қарап тексеру нәтижелері "Ұшу алаңының жай-күйі журналына" тіркеледі.

166. Су қоймаларындағы су деңгейі едәуір шайқалған кезде, трос ұзындығы

H

≤

2H (H-акватория ұзындығы) жағдайды қанағаттандырмаған кезде су деңгейі артқан кезде тросты ұзарту, төмендеген кезде - қысқарту қажет.

167. Гидроәуеайлақ су өлшейтін бекетпен жабдықталады, оның көрсеткіштеріне сәйкес су қоймасының тереңдігі өлшенеді. Пайдалану талаптарын қанағаттандырмайтын анықталған ақаулы жерлерді тиісті белгілермен белгілеу қажет.

168. Су қоймаларында су деңгейі шайқалған кезде қажеттілігіне қарай айлақтарды айлаққа бекітілетін кіші айлақтарды бір уақытта реттеумен итеру немесе тарту қажет.

169. Зәкір тұрақтарының, басқа жабдықтар пирстері айлақтарының дұрыстығын тексеру күнделікті жүргізіледі. Бензиннің, майдың айлақ табанына төгілуіне және сұртілген матаны лақтыруға жол беруге болмайды.

170. Айлақтар, гидроеңкістер және маневр жасау аландары тазалыққа ұсталады, айлақтардағы бекіту сақиналары жүйелі түрде тазартылады және майланады, зәкірлер үшін тереңдіктер тазартылып отырады.

171. Ұшу навигациясы аяқталған соң барлық жабдықтар жинастырылады, жағалауға шығарылады және арнайы бөлінген аландарға апарылады.

172. Құрылғы атауы оны әуеден және теңізден жақындағанда негізгі бұрыштар мен бағыттардан оңай айқындауға болатындай құрылғы орындарында белгіленеді. Әуеден айқындау үшін тікұшақ алаңының атауы бар танымдық белгілер мен бүйірлік танымдық тақталар пайдаланылады. Екі танымдық таңбалаулардың атауы бірдей, қарапайым және радиобайланыс жүргізген кезде екі мағынаны қабылдауды болдырмайтында болып табылады.

173. Бекітілген радиоشاқыру құрылғылары тікұшақ алаңының және бүйірлік тақталарының танымдық атауына сәйкес келеді. "Блоктар нөмірлерімен" танымдық белгілерді құрылғылардың бүйірлік тақталарына қосу қажет болған кезде, онда құрылғының атауы да оған қосылады. Мысалы: "АТАУЫ. БЛОК №". Танымдық белгілер кез келген жарықтандыруда, әсіресе түнде және нашар көрінетін жағдайларда анық көрінуі тиіс.

174. Көзбен шолу белгілерді айқындау күндіз және түнде тікұшақ жақындауының ерте сатысында болатындай жаңа технологияларды пайдалану қажет. Қазіргі заманғы технологиялар көптеген жағдайда тәуліктің кез келген уақытында осы талапқа сәйкестікті қамтамасыз етуге қабілетті. Жоғары қарқынды кластерлік индикаторларды немесе шыны-талшықты жүйелерді пайдалану тіpten ең төменгі көріністе де өз тиімділігін көрсетті.

175. Тікұшақ алаңын және қондырғы бүйірлік тану панельдерін таңбалауды (әдетте қондырғыны анықтау үшін таңбалау) экипаждар қонуга дұрыс тікұшақ

алаңы таңдалғанын түпкілікті растау алу үшін пайдаланады. Тікұшақ алаңын таңбалау және қондырғы бүйірлік тану панельдерін таңбалау барынша жақсы жай-күйде ұсталуға, тұракты түрде қайта боялуға және көзбен шолу белгілердің көрінісін нашарлататын барлық ластардан тазартылуы қажет.

176. ӘК иесі немесе пайдаланушысы арнайы инспекциялауды, таңбалау қызметін көрсету бойынша рәсімдерді, тікұшақ аландары мен бүйірлік панельдерін таңбалау графикасын осы мақсаттың маңыздылығын ескере отырып, қамтамасыз етеді.

177. Қондырғының бүйірлік тану панельдері қандай да болмасын заттармен (салбыраңқы шланг және т.б.) қоршамайды және жоғарғы қондырғыда орнатылады.

178. Қондырғының атауы тікұшақ алаңының бетінде кедергіден бос секторды білдіретін шеврон мен нысаналы шеңбер арасында кемінде 1.2 метр биіктігі және тікұшақ алаңы бетіне қарсы түспен (әдетте ақ) боялған нышандармен таңбаланады. Қону желісі тікұшақ алаңының атауын жаппайды. Тікұшақ алаңының атауын таңбалау үшін көрсетілген орында жеткілікті қеңістік жоқ жерде, оның орналасуы азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органмен келісіледі.

179. Күндізгі және түнгі жұмыстарды жүргізу кезінде тікұшақ алаңы периметрін таңбалау және жарық түсіру қауіпсіз қону аймағы шекарасын тану үшін қызмет етеді.

180. Жел бағытының көрсеткіші (жел конусы) қондырғының/кеменің ашық аймағында жел бағытын өлшеу үшін орнатылады. Екінші жел конусы жел көрсеткішінде нақты айырмашылықтарды айқындау үшін қолданылады.

181. Ені көрсетілмеген нышандар мөлшерін айқындау үшін олардың биіктігінің 15 %-ын пайдалану қажет. Нышандар арасындағы арақашықтық нышан биіктігінің 10%-ына тең (бір нышандың шеткі оң жиегінен келесі нышаннның шеткі сол жиегіне дейін). Сөздер арасындағы арақашықтық нышан биіктігінен шамамен 50 %-ды құрайды.

Азаматтық авиацияда  
әуеайлақтық қамтамасыз ету  
қағидасына 1-косымша

нысан

## **Әуеайлақ қызметі бастығының (бас инженерінің, инженерінің, техникінің) бақылау парагы - міндеттемелері**

Мен \_\_\_\_\_  
(лауазымы және Т.А.Ә.)

"Азаматтық авиацияда әуеайлақтық қамтамасыз ету қағидасын бекіту туралы"  
Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы "\_\_\_" № \_\_\_  
қаулысымен бекітілген Азаматтық авиацияда әуеайлақтық қамтамасыз ету қағидасын зерделедім және оларды әуеайлақтарды (тікұшақ айлақтарын) ұсташа, жөндеу және ұшуға дайындау кезінде орындауға міндеттеме аламын.  
Көрсетілген Қағида талаптарының сақталмағаны үшін мен заңнамада белгіленген тәртіппен жауапты боламын.

20 \_\_\_ жылғы "\_\_\_"  
қолы

Азаматтық авиацияда  
әуеайлақтық қамтамасыз ету  
қағидасына 2-қосымша

## Ұшу алаңының жай-күйі журналы

Әуежай: \_\_\_\_\_

Басталды: \_\_\_\_\_

Аяқталды: \_\_\_\_\_

Қарап тексеру күні мен уақыты	Ұш у алаңын дайындауға берілген уақыт	Ұшу алаңы жай-күйінің сипаттамасы	Бастықтың (бас инженердің, инженердің, техниктің) ұшу алаңының ұшуға жарамдылығы туралы қорытындысы	Әуеайлақ қызметі бастығының (бас инженерінің, инженерінің, техникінің) уақытын көрсете отырып қойған қолы
-------------------------------	---------------------------------------	-----------------------------------	---	---

## Ұшу алаңының жай-күйі журналын толтыру жөніндегі нұсқаулық

1. Ұшу алаңының жай-күйі журналы (бұдан әрі – Журнал) нөмірленген, тігілген және азаматтық авиация ұйымының мөрімен бекітілген кітапты білдіреді. Журналдағы жазба тек өшірілмейтін сиямен немесе қаламмен жазылады. Қарындашпен жазуға, өшіруге, бұрын жазбада жазылғандарды дұрыстауға рұқсат етілмейді.

2. Журналды әуеайлақ қызметінің бастығы (бас инженері, технигі) немесе азаматтық авиация ұйымының бірінші басшысының бүйрекшімен тағайындалған және тиісті білімі бар басқа лауазымды адам толтырады.

Журналда мыналар:

ұшу алаңын қарап бақылау күні мен уақыты;

ұшу алаңын ұшуға дайындауға берілген уақыт;

ұшу алаңы жай-күйінің сипаттамасы;

ұшу алаңының ұшуға жарамдылығы (жарамсыздығы) туралы қорытынды;

ҰЖҚ, ЖЖ және перронда тіркесу коэффициентінің мәні бөлек тіркеледі.

3. "Қарап бақылау күні мен уақыты" бағаны мынадай тәртіппен жазылады:  
күні, айы, жыл;

қарап бақылау уақытының сафаты және минуты;  
қону-магнитті жол бұрышы (ҚМЖБ).

4. Ұшуға әуеайлақтың ұшу алаңын дайындау үшін ҰБ жазылған және келісілген уақыты бірінші кезекте жұмыстарды орындау қажет болған жағдайда журналда жазылады, бұл ретте ҰҚЖ, ЖЖ, ТО-да және перронда жұмыстардың басталуы және аяқталуы бөлек көрсетіледі.

5. Ұшу алаңы элементтері дайындығының жай-күйі туралы сипаттама журналда жұмыс аяқталғаннан, әуеайлақ жабындысының жай-күйін тексергеннен және тіркесу коэффициентін және топырақ (қар) төзімділігін айқындағаннан кейін журналда жазылады.

Егер "Ұшу алаңы жай-күйінің сипаттамасы" бағанында оның кейбір элементтері көрсетілмесе, онда осы элементтердің жай-күйі осы элементтер көрсетілген соңғы жазба бойынша ескеріледі.

6. ҰҚЖ жай-күйі сипаттамасының жазбасы кезінде, оның ішінде тіркелу коэффициенті мәні жұмыс курсынан басталады. ҰҚЖ-ның әрбір 1/3 ұзындығы үшін тіркесу коэффициентінің орташа мәні жолға жазылады және бір-бірінен жанама сзығшалармен алшақтайды.

7. Ұшу алаңы элементтерінің жай-күйі және дайындығы сипаттамасы кезінде дайындыққа берілген уақыттың өтуі бойынша жұмыс көрсетіледі және жалғасатын болады (қысқы кезеңде – бірінші кезектегі жұмыстар ішінara, сондай-ақ екінші, егер олар ұшулардың қауіпсіздігіне, ӘК жермен жүруіне және тұрағына арналған кедергілер болып табылса).

8. Сипаттаманы, бағалауды және қорытындыларды жасау ықшам және анық болуы тиіс, ал қол қоюлар толық жазылуы керек.

9. "Ұшу алаңы жай-күйінің сипаттамасы" бағанын толтыру кезінде әуеайлық жабындысының үстіңгі қабатының жай-күйіне мынадай үлгілік терминологиялық бағалау қолданылуы тиіс:

ылғалды;

сұлы (шалшықтың болуын қоса алғанда);

қырау немесе мұз қату (қалындығы кемінде 1 мм);

құрғақ қар (кейбір жерлерде);

құрғақ қар (жамылған);

сұлы немесе жылымықты қар (кейбір жерлерде);

сұлы немесе жылымықты қар (жамылған);

мұз (жамылған);

тығыздалған қар;

мұзы бар қатып қалған қар;

құрғақ.

10. Ұшу шектеулерінің әртүрлі деңгейлері бар ұшу алаңын дайындаған жағдайда (мысалы, уақыттың жетіспеуінен), "Ұшу алаңының сипаттамасы" бағанында осы шектеулерге рұқсат ететін осы Қағиданың тармағына сілтеме жасай отырып, тиісінше жазба болуы тиіс.

11. Журналды жүргізудің дұрыстығын бақылауды азаматтық авиация ұйымының басшысына жүктеледі.

12. Журнал ӘДП-да (ӘСДП) тұруы тиіс. Толық аяқталған журнал әуеайлақ қызметінің мұрағатына тапсырылады, онда үш жыл бойы сақталады.

### **Әуеайлақтар (тікүшақ айлақтары) ұшу алаңының өлшемдерін өлшеу, элементтерінің жай-күйін бақылау және бағалау жөніндегі нұсқаулық**

1. Міндетті өлшеуге және есепке алуға жататын ұшу алаңы жай-күйінің өлшемдері:

1) ЖҰКЖ және ТАЖ жасанды жабындылары бар әуеайлақтар:

тіркелу коэффициенті;

атмосфералық жауын-шашынның болуы, түрі және қалындығы;  
ұстіңгі қабатының жай-күйі және сапасы;

күндізгі және ауыспалы таңбалық белгілердің жай-күйі және көрінуі;

2) ҰЖ жоспарланған бөлігі жасанды жабындылары бар әуеайлақтар:  
кардан тазартылған ҰЖ мөлшері;

тұтас қары бар, ҰЖ тазартылған бөлігінің орайлас еңісінің ауқымы;  
топырактың тығыздығы және ұстіңгі қабаттың тегістігі;

3) ЖЖ, ТО және перронда жасанды жабындары бар әуеайлақтар:  
атмосфералық жауын-шашынның болуы, түрі және қалындығы;  
таңбалық белгілердің жай-күйі және көрінуі;

4) топырақ әуеайлақтары (тікүшақ айлағы):

қатқыл жамылғының ұстіңгі қабатының жай-күйі және сапасы;  
қату терендігі;

топырактың (нығыздалған қардың) төзімділігі (тығыздығы);

топыракты (қар жапқан) әуеайлақтың (тікүшақ айлағының) ұстіңгі қабатының тегістігі;

ауыспалы таңбалық белгілердің жай-күйі және көрінуі;

ҰЖ жоспарланған бөлігі бар ТҰКЖ-ның жұмыс бөлігінің орайлас еңісінің ауқымы.

2. ЖҰКЖ жабындыларына тіркесу коэффициенті метрологиялық аттестатталған өлшеу құрылғыларының көмегімен өлшенеді.

3. Топырақты әуеайлақтарда тежеу талаптарының сипаттамасын жабындының жай-күйінің тиісті суреттемелік сипаттамасы бойынша беруге рұқсат етіледі.

4. ЖҰҚЖ ұзындығы бойынша әрбір үшінші бөлікке арналған ӘК-ның тіркесу коэффициентінің мәні немесе тежеу талаптарының сипаттамасы (өлшеу құралдары болмаған жағдайда) Ұшу алаңының жай-күйін есепке алу журналына өлшеу жүргізілгеннен кейін 15 минуттан кешіктірілмей жазылуы тиіс.

5. Тіркесу коэффициентін өлшеу нәтижелерін құжаттамалық тіркеуді қамтамасыз ететін өлшеу құрылғылары бар болған кезде олардың жазбалары бар құжат әуеайлақ қызметінде өлшеу жүргізілген сәттен бастап кемінде 24 сағат сақталуы тиіс.

6. Қар, жылымық қар басқан немесе көктайғақ болатын кезеңде ЖҰҚЖ-ға жабындының үстіңгі қабатының тежеуіш ерекшеліктерін өзгертуі туралы ақпаратты дер уақытында жаңарту мақсатында тіркесу коэффициентіне барынша жиі өлшеу жүргізу ұсынылады.

7. Атмосфералық қатты жауын-шашындар мен жылымықты қар қабатының қалындығы металл миллиметрлік сызығыштың көмегімен, ал су қабаты ОЛ-1 оптикалық сызығыштың көмегімен айқындалады (Азаматтық авиацияда әуеайлақтық қамтамасыз ету қағидасының 6-қосымшасын қараңыз). Көрсетілген жауын-шашындар қабатының қалындығын өлшеу ЖҰҚЖ орындарында және бағаланатын нұктелердегі үш мәрте өлшеулер мен әрбір үшінші ЖҰҚЖ-ға арналған өлшенетін қабаттардың орташа арифметикалық мәнін есептеу арқылы тіркелу коэффициенті жүргізіледі.

8. Ұшу аландарын қарап тексеру кезінде қатты, сұйық және аралас атмосфералық жауын-шашындардың (судың, құрғақ және сулы қардың, жылымықты қардың, мұздың, қыраудың және т.б.) түрлері мен нақты сипаттамасы айқындалады, олар ЖҰҚЖ-ның әрбір үшінші бөлігіне арналған Ұшу алаңының жай-күйін есепке алу журналында сандық кодты мәнімен көрініс табады және бұдан басқа, қарлы НОТАМ (snotam) енгізіледі. Жауын-шашын түрлері, олардың суреттемелік сипаттамасы және кодты мәндері Азаматтық авиацияда әуеайлақтық қамтамасыз ету қағидасының 6-қосымшасындағы деректерге сәйкес келуі тиіс.

Бұдан басқа, көзбен шолып бақылау бойынша Ұшу аландарының жай-күйін есепке алу журналында, жауын-шашыннан тазартылған жабындылардың үстіңгі қабатының, жауын-шашынмен жабылған ЖҰҚЖ аландарының ұзындығы мен ені туралы деректер тіркеледі.

9. Топырақты әуеайлақтардағы топырақтың төзімділігі әрбір топырақ жай-күйін өлшеген жағдайда айқындалуы тиіс. У-1 екпіндімен немесе ӘК

сынамалы рульдеу арқылы топырақ төзімділігін өлшеу әдістемесі 6-қосымшада келтірілген.

10. Топыракты әуеайлактардың қар жапқан үшу аландарында, оның ішінде ЖҰҚЖ-да нығыздалған қардың қабаты астындағы нығыздалған қар жамылғысының төзімділігі мен тығыздығын Азаматтық авиацияда әуеайлактық қамтамасыз ету қағидасының 13-қосымшасына сәйкес қардың тығыздығы мен ауа температурасының көтерілуі бойынша әрбір орындалған жұмыстардан кейін айқындалады.

11. Қысқы уақытта топыракты үшу аландарында ӘК пайдалануға беру белгіленген кері ауаның температура және белгілі бір терендікте топырактың үстіңгі қабатының қатуы кезінде рұқсат етіледі.

Топырактың қату терендігі кезінде аталған ӘК класы үшін белгіленгеннен аз болса, оның төзімділігі қатқан топырақ қабатымен айқындалуы тиіс.

12. Үшу алаңының топырақ элементтерін дайындау сапасы МемСТ 22733 – 77 бойынша ТҰҚЖ, ТО бастапқы және орташа участеклерінде, қозғалтқыштарды сынап көру және ЖЖ орындарында, сондай-ақ ҰЖ участеклерінде нығыздау коэффициентімен сипатталатын топырақ тығыздығын айқындау арқылы бақылануы тиіс.

13. Топыракты үшу алаңының үстіңгі қабатының тегістігін бақылау шекті мүмкін болатын мәнінен асатын микро- және мезотегіс еместігін (ұзактығы 40 м дейінгі участеклерде толқынды, дөңес және шұңқыр түрінде үстіңгі қабатының бейінін өзгерту) айқындаудан тұрады. Микротегіс еместігі ауқымы рейкамен тексеріледі, оның саңылауы осы Қағиданың 8-тaraуында § 3 белгіленген ауқымнан аспауы тиіс. Барынша мүмкін болатын мәндердің микротегіс еместігі кезінде топырактың үстіңгі қабаты жөнделуі тиіс. Микротегіс еместігін жөндегеннен кейін 3 см аспауы қажет.

14. Мезотегіс еместігі жапсарлас үштастыратын еңістің айырмасын, (5,10,20) 5, 10, 20 м тұсіру қадамымен тікелей кесінділерді кейіннен айқындау арқылы ақаулы участекке тән бағыттар бойынша үстіңгі қабаттың нивелирленген бейінін тұсірумен айқындалады.

5, 10 және 20 м тең тұсіру қадамымен тікелей кесінділердің еңесі мынадай формула бойынша есептеледі:

$$i_a = \frac{h_n - h_{n-1}}{a}$$

мұндағы  $h_{n-1}$  - мезорельеф бейінінің бастапқы нүктесін белгілеу;

$h_n$  - бастапқыдан бастап түсіру қадамында тұрған мезорельеф бейіні нүктесін белгілеу;

**a**  
- түсіру қадамы.

Жапсарлас ұштастыратын еңстің айырмасы мынадай формула бойынша айқындалады:

$$\Delta_i(5,10,20) = i_{n-1}(5,10,20) - i_n(5,10,20),$$

мұндағы  $i_{n-1}(5,10,20)$  және  $i_n(5,10,20)$  – олардың белгілері бар кескінділердің алдыңғы және кейінгі еңсі;

**i<sub>a</sub>**

егер бейінді түсіру барысы бойынша жоғарылау байқалса "+" және егер төмендеу байқалса, "-" таңбасына ие болады.

15. Аラлас тақташалардың тегістігіне, тығыздығына, шектен асуына және үстіңгі беттің тежеуіш ерекшеліктеріне қойылатын нормативтік талаптар 3.06 – 87 Әуеайлақтар СНЖӘнЕ ережелеріне және осы Нұсқаулықтың 5.5-бөлімінің талаптарына сәйкес келуге тиіс.

16. Әуеайлақтардың кәріз жүйесі элементтерінің жай-күйі көктемгі қардың еруі, толассыз жауын-шашындар аяқталғаннан кейін тексеріледі.

17. Ашық құрылыштардың – арықтардың, науалардың, құдықтардың, коллектор бастарының жай-күйін бақылау көзben шолу әдісімен жүргізіледі.

18. Жер асты құбырларының (коллекторлар, құлама арналар) жай-күйі сәулесі тексеріліп қаралатын бақылаушы тұрған құбыр арқылы құдықтан бағытталатын жарық көздерінің көмегімен тексеріледі. Жөнделген құбырда бақылаушы жарық көзін шенбер түрінде көруге тиіс.

19. Газ тоқтату құрылыштарының техникалық жай-күйін тексеруді АТБ орындалады.

20. Зәкірлі бекітпелердің беріктігін тексеруді АТБ мамандары жүргізеді. Олардың техникалық жай-күйін тексеру кемінде екі жылда бір рет орындалады.

21. Әуеайлақтардың (тікұшақ айлақтары) ұшу алаңы элементтерінің техникалық жай-күйін бағалау кезінде олардың беріктігіне (көтеру қабілетіне), тегістігіне және бірінші кезекте жасанды төсемдердің жұмыс қабілетіне және ұшу алаңының топырақты бөлігі мен басқа да құрылыштардың жай-күйіне байланысты басқа да физикалық сипаттамаларға ерекше назар аудару керек. Бағалауды құралдық әдістермен жүргізу ұсынылады.

22. Төсемдердің пайдалану-техникалық жай-күйін бағалау үшін оларды тексеру және олардың ақауын табуды жүргізу қажет.

Әуеайлақ төсемдерінің техникалық жай-күйін тексеру, олардың ақауын табу және бағалау материалдары жөндеу жұмыстарын жоспарлау үшін бастапқы негіз болып табылады және нығайтудың талап етілетін қабатын есептеуді қоса алғанда, әуеайлақ төсемдерінің беріктігін және бұзылмайтындығын есептеу кезінде пайдаланылады.

23. Төсемдерді тексеру және олардың ақауын табу мынадай екі жұмыс түрін: көзбен шолып мерзімдік тексеруді және оларды құралдық сынауларын қамтиды. Төсемдердің ақауын табуды жылына бір рет, ал табиғи апаттардан кейін (сел жүру, су тасқындары және т.б.) тез арада жүргізу ұсынылады. Әуеайлақ төсемдерінің беріктік сипаттамаларын ACN - PCN әдісімен (осы Қағиданың 55-қосымшасына сәйкес) бағалау кезінде тексеру мерзімділігі мен ақауын табу төменде келтірілген 1-кестеге сәйкес қолданылады.

### 1-кесте

#### Төсемнің ақауын табу мерзімділігі

ACN/PCN артық жүктеме коэффициенті	Бір жылдағы ақау табу саны
1 және одан да астам	4
0,8-1,0	2
0,8–ден аз	1

24. Тексеру материалдары бойынша акт жасалуы керек, онда мыналар көрсетілуге тиіс:

- 1) тексеру күні, құрылыш уақыты, әуеайлақтың жасанды төсемдерінің және әуеайлақ элементтері төсемдерінің конструктивтік кесінділерінің схемасы;
- 2) ақау табу жоспары.

25. Төсемдердің техникалық жай-күйін бағалау үшін осы Қосымшаның 2-кестесіне сәйкес ақаулар сыныптауышын пайдалану керек.

Табылған ақаулар осы Қосымшаның 2-кестесінде келтірілгендердің біріне жатқызылады. Бұл індер көрсеткіші және ақаулық дәрежесі бойынша ақаулардың көлемі анықталып, буліну дәрежесі бағаланады.

### 2-кесте

#### Жасанды төсемдер ақауларының сыныптауышы

Ақаулардың (бұлінудердің) сипаттамасы	Бұліну көрсеткіші	Ақаулық дәрежесі				
		0	1 әлсіз	2	3	4 өте күшті
Асфальт-бетондағы бойлық және көлденен жарықшақтар	Жарықшақтар арасындағы орташа арақашықтық	Жок	3 0 астам	15 -	5- 15	5 кем
			30 30			

Асфальт-бетондағы жарықшақтардың жиі орналасқан торы ("қолтырауын терісі")	Төсемдердің бүлінген алаңының пайызы	"	5 кем	5-20	20-	50	5 0 астам
Асфальт-бетонның мұжілуі	Төсемнің бүлінген алаңының пайызы	"	5 кем	5-20	20-	50	5 0 астам
Асфальт-бетон төсемінің соқпағы	Соқпақ тереңдігі, мм	"	10 кем	10-25	25-	40	4 0 астам
Бетон (армобетон) төсем тақталарындағы жарықшақтар	Жарықшағы бар тақталар пайызы	"	5 кем	5-10	10-	20	2 0 астам
Бетон (армобетон) төсемдері жиектерінің нақыштары	Жиектері нақышталған тақталар пайызы	"	2 кем	2-5	5-10	10	1 0 астам
Бетонның үстіңгі бетінің қабыршықтануы	Үстіңгі беті қабыршактанған тақталар пайызы	"	5 кем	5-10	10-	20	2 0 астам
Төсемнің ойыс түріндегі тегіс емес жерлері	Ойықтардың биіктігі, мм	"	5 кем	5-15	15-	25	2 5 астам
Толқын тәрізді тегіс емес жерлер	З м ұзындықтағы дөнес биіктігі, мм	"	5 кем	5-15	15-	25	2 5 астам

26. Әуеайлақ төсемдері беті тегістігінің жай-күйін R индексімен сипаттау ұсынылады. Жасанды төсемдердің үстіңгі бетінің тегістігін пайдалануға беру үшін олардың құрылышы аяқталған кезде, қайта жаңартудан және жөндеуден кейін бағалау керек.

Тегістікті бағалауды қысқа қадаммен біркелкілеу әдісімен немесе тегістікті өлшеуге арналған арнайы тіркеме құрылғыны пайдалану жолымен орындау ұсынылды.

27. Әуеайлақтардың жасанды төсемдері, егер тегістік индексі R-ге тең немесе 2,0-ден төмен болса, оны пайдалануға рұқсат етілмеуі тиіс. Ол мына формула бойынша есептеледі:

$$R = 6,48 - \frac{4,62C}{0,21^{k-2}} \quad (4.1)$$

мұндағы C – тиісінше тегіс емес жерлердің спектральді тығыздығы деңгейі мен пішімін сипаттайтын коэффициенттер.

Үстіңгі бет тегістігінің жай-күйін осы Қосымшаның 3-кестесіне сәйкес бағалау ұсынылады.

3-кесте

Тегістік индексі R	Тегістік сипаттамасы
5,0 және жоғары	Оте жақсы
4,9-4,6	Жақсы, жақсырақ
4,5-4,0	Жақсы
3,9-3,6	Жақсы, қанағаттанарлықка жақын
3,5-3,0	Қанағаттанарлық
2,9-2,6	Қанағаттанарлық, сындарлыға жақын
2,5-2,0	Сындарлы
2,0 төмен	Қанағаттанарлықсыз

28. Әуеайлақтың жасанды төсемдері тегістігінің жай-күйін бағалау тиісті геодезиялық әдістермен жүргізіледі.

Аталған Әдістемеге сәйкес әуеайлақтың жасанды төсемдерінің тегістігі езгерген кезде мынадай кезеңдерден тұратын жұмыстар орындалады:

- 1) төсемді алдын-ала тексеру және өлшеп белгілеу;
- 2) уақытша реперлер салу;
- 3) төсемдердің үстіңгі бетін біркелкілеу.

Алдын-ала тексеру төсемдердің барынша деформацияланған участкерлерін айқындау үшін орындалады, сондай-ақ, уақытша реперлер салу үшін пайдаланылатын ҰА-ны тексеруді қамтиды. Бойлық бейін нүктелерін 5 м сайын өлшеп белгілеу ерекше маңызға ие, олар бойынша ЖҰҚЖ осі бойында және ӘК негізгі тіректерінің іздерімен тегістік өлшенеді.

Тексерілетін жасанды әуеайлақ төсемі бойындағы жұмыстың үзілістері кезінде геометриялық біркелкілеу барысында биіктік таңбаларын бекіту үшін әдеттегідей 100 м аралықта уақытша реперлер салынады, ал тексерілетін бейіннің басында және соында топырақ реперлері салынады. Біркелкілеу не жасанды төсемді бойлай не ӘК қозғалысының қарқындылығына және жұмыс үшін белгілі бір ұзақтық "терезелерінің" болуына байланысты көлденен орындалады.

29. Геометриялық біркелкілеу жұмыстарының нәтижелері бойынша олардың тегістігін өндөу және кейіннен бағалау үшін пайдаланылатын жасанды әуеайлақ төсемдерінің бейіндері нүктелерінің биіктік таңбаларының каталогы жасалады.

Төсемдерді геометриялық біркелкілеу нәтижелерін пысықтау және олардың тегістігін бағалауды азаматтық авиация ұйымдары немесе басқа да мамандандырылған жобалау ұйымдары жүргізеді.

Азаматтық авиацияда  
әуеайлақтық қамтамасыз ету  
қағидасына З-қосымша

нысан  
"Бекітемін"

(жалпы кәсіпорын бойынша жөндеуге  
жауап берушінің лауазымы)

(қолы, тегі, аты-жөні)

20 жылғы "\_\_\_"

**№ \_\_\_\_\_ ақаулар актісі**

АА үйимы \_\_\_\_\_ 200 жылғы "\_\_\_"

Комиссияның құрамында \_\_\_\_\_

(комиссия мүшелерінің лауазымы, тегі, аты-жөні көрсетіледі)  
негізінде жұмыс істейтін

(комиссияның өкілеті, бұйрықтың немесе өкімнің № көрсетіледі)  
20 жылғы "\_\_\_" бастап 20 жылғы "\_\_\_" кезеңінде

конструкциялардың жекелеген элементтерінің жұмысындағы зақымданулар  
мен ақаулардың себебі мен көлемін анықтау мақсатында

техникалық қарап тексеру жүргізді.

(ғимарат атавы)

Заттай техникалық қарап тексеру негізінде \_\_\_\_\_

(жалпы ғимарат немесе оның элементтері)

комиссия \_\_\_\_\_  
нәтижесінде \_\_\_\_\_

(ақаудың пайда болуының себебі)

(зақымдану көлемі)

анықтады.

Мынадай жөндеу жұмыстарын жүргізууді талап етеді:

1. \_\_\_\_\_


2. \_\_\_\_\_

Комиссия төрағасы \_\_\_\_\_

Комиссия мүшелері \_\_\_\_\_


20 жылғы " \_\_\_\_ "

Азаматтық авиацияда  
әуеайлақтық қамтамасыз ету  
қағидасына 4-қосымша




1-сурет. У-1 екпінді:

1-ұшы; 2-жүк(гір); 3-белгілеуші шток




2-сурет. Екпіннің ұшы

Материалды 30ХГСА беттен қараңыз. Кесіндімен айналмалы қатерлер арасында 1-ден бастап 30 см дейін төменнен жоғары сантиметр бөлуге болады.




3-сурет. Гір (Материалды 30ХГСА қараңыз)

Гірді басқа да материалдан жасауға болады, бірақ бұл ретте гірдің жоғарғы жазықтығынан төзімділік шайбасына дейін 2,5 кг массасын және 500 мм аралығын міндетті түрде сақтау керек.




4-сурет. Бағытталған шток

Материалды 30ХГСА қараңыз. 39 мм тесік толассыз түйреуішпен бүрғылап тесіледі.



соққы саны

a: 10 см терендікте




СОҚҚЫ САНЫ

б: 30 см тереңдікте


**У-1 екпіндімен топырақ төзімділігін айқындауға арналған кестелер:**

I-құмды, шаң құмды, құмайт топырақтарға арналған; II-шанды, құмайтты, сазды, ауыр сазды, шаңды сазды және сазды топырақтарға арналған; III-қара топырақ, талшынды және басқа да тұзды топырақтарға арналған.

Кестеде көрсетілген топырақтың түрі зертханалық талдау деректері негізінде, алаң талаптарында - жақындастылған тәсілмен айқындалады (осы қосымшаның кестесі бойынша)



6а-сурет. Ан-2 және Л-410М ұшактарына ариалған соқпактардың тереңдігінен топырақ төзімділігінің тауелсілік көрсетілесі



бб-сурет. Аи-24, Аи-26, Аи-30, Аи 1,2 Як-40, Ил-14 үшактары  
үшін сокнак терендігінен топырак тозімділігін тәуелділігі кестесі

## Нығыздалған топырактың талап етілетін деңгейіне қол жеткізу үшін катка өтпесін айқындауға арналған кесте

Нығыздалу тереңдігі	Күмтас және құмайт топырактары				Саз балшықты және балшықты топырактар			
	Нығыздалу коэффициенті	Катка өтпесінің болжамды саны			Нығыздалу коэффиц	Катка өтпесінің болжамды саны		
		Металды жылтыр	Пневматикалық шина массасы 10,25 және 50 т			Металды жылтыр	Пневматикалық шина массасы 10,25 және 50 т*	
3 0	0 , 9 5	5	5		1 , 0	1 2	8	
2 5	0 , 9	4	3		0 , 9 5	1 0	7	
10-15	0,8	3	2		0,85	8	6	

\* Массасы 25 және 50 т катоктар ұтымдыдан төмен ылғалдылығы бар топырактарда қолданылады.

## Әуеайлақ жабындысын пайдаланушылық-техникалық жай-күйін бағалау әдістемесі

Әуеайлақ жабындысының үстінгі қабатының нақты жай-күйін бағалау көзбен шолып қарап тексеру нәтижелерінің негізінде жүргізіледі.

### 1. Жабындының жай-күйін көзбен шолып бағалау

Жабындыда байқалған барлық ақаулар олардың барлық түрлерін (Азаматтық авиацияда әуеайлақтық қамтамасыз ету қағидасына 17-қосымшаның 1, 2-кестелері) және жоспар ауқымының мөлшерін (Азаматтық авиацияда әуеайлақтық қамтамасыз ету қағидасына 17-қосымшаның 1, 2-суреттері) көрсете отырып, ақаулар жоспарында тіркеледі.

### 2. Әуеайлақтардың қатты жабындыларын пайдаланушылық-техникалық жай-күйін бағалау

Көзбен шолып қарап тексеру нәтижелерінің негізінде тексеру мынадай формула бойынша D зақымданған жабындысының жинақталған көрсеткіші айқындалады

$$D = D_{TP} Q_{TP} + D_{ck} Q_{ck} + D_{ш} Q_{ш} \quad (1)$$

мұндағы D - зақымданған жабындысының жинақталған көрсеткіші;

$D_{TP}$  – өтпе жел сыйатының көрсеткіші;

$D_{ck}$  – жиек сыйуларының көрсеткіші;

$D_{ш}$  – қабыршық көрсеткіші;

$Q_{TP}$  – жиек сыйуларының ауырлық коэффициенті;

$Q_{ck}$  - қабыршықтың ауырлық коэффициенті;

$Q_{ш}$  - өтпе жел сыйатының ауырлық коэффициенті.

$D_{mp}$  көрсеткіші мынадай формула бойынша есептеледі:

$$D_{mp} = (n_{mp}/n_{жалпы})/100 \quad (2)$$

мұндағы n<sub>mp</sub> - өтпе жел сыйаты бар тақталар саны;

n<sub>жалпы</sub> – тексерілетін әуеайлақ учаскесіндегі тақталар саны.

$D_{ck}$  көрсеткіші мынадай формула бойынша есептеледі:

$$D_{ck} = (n_{ck}/n_{жалпы})/100 \quad (3)$$

мұндағы n<sub>ck</sub> – жиек сыйуларының бар тақталар саны.

$D_{ш}$  көрсеткіші мынадай формула бойынша есептеледі:

$$D_{ш} = (n_{ш}/n_{жалпы})/100 \quad (4)$$

мұндағы n – қабыршықты үстіңгі қабаты бар тақталар саны.

$Q_{mp}$   $Q_{ck}$   $Q_{sh}$  сыйымдылық коэффициенті мынадай кесте бойынша айқындалады:

$Q_{mp}$	$Q_{ck}$	$Q_{sh}$
0,05	0,1	0,03

Қатты әуеайлак жабындыларын пайдалануға берудің жарамдылығы S жабындының жай-күйі сигнал беруін бағалау көрсеткіштерімен бағаланады, ол мынадай формула бойынша айқындалады:

$$S = 5,0 - D \quad (5)$$

Жабындының пайдаланушылық-техникалық жай-күйінің сипаттамалық кезеңі үшін сигнал беруді бағалау көрсеткіштері осы Қағиданың З-қосымшасындағы кестеде келтірілген.

З-кесте

#### Сигнал беруді бағалау кезеңдері

